**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

Білімберуұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 02.09 – 06.09.2024ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | ***Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.***<br>*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру | ***«Өнегелі 15 минут»*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын: «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»***<br>*Мақсаты: Түстерді айырып, топтай алады.* | ***Картотека №3***<br>***Дид ойын: «Жыл мезгілдері»***<br>*Мақсаты: Балалар жыл мезгідері туралы және мезгілдерінің атауларын (қыс, көктем, жаз, күз )атай алады.* | ***Картотека № 4***<br>***Дид ойын: «Заттық фриздер»***<br>*Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.* | ***Картотека №7***<br>***Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»***<br>*Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде айта отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі.* | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын: «Үй жануарлары»***<br>*Мақсаты: Балалар үй жануарлары мен төлдерін ажыра біледі. олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін айта алады.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан.*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»***<br>*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.*<br>*Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | ***«Балалар кітапханасы» жобасы қазақ тілін меңгеру*** | | | | |
| | *Достар бірге жүреміз*<br>*Бірге ойнап күлеміз*<br>*Бірге балық аулаймыз*<br>*Міне біздер қандаймыз* | *Жарық болсын күніміз*<br>*Жарқын болсын үніміз*<br>*Елін сүйін ер жетер*<br>*Біз болашақ гүліміз* | *Күнмен бірге тұрамыз ,*<br>*Құспен бірге ән саламыз*<br>*Қайырлы таң! Ашық күн!*<br>*Көңілді біз баламыз.* | *Шақырамын сендерді*<br>*Жолдастарым кел бері*<br>*Толтырайық шаттыққа,*<br>*Дөңгеленгеншеңберді.* | *Қолалысып, қәне, біз,*<br>*Достасайықбәріміз.*<br>*Достармененбіржүру!*<br>*Қандайжақсыдос болу!* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **Қызығушылықты ояту**<br>**Тәрбиеші көмекшісінің даусы.**<br>Маған кім көмектеседі. Тігіншіге хабарласу керек болып тұр. Тәрбиеші: Балалар біздің апайымыз неге көмек сұрап жатыр екен, сұрайықшы.<br>Көмекші апай: Менің ыдыс жуғанда киетін алжапқышым көнерді, енді маған жаңа алжапқыш керек.<br>Балалар апайға алжапқыш жасап береміз бе? (жапсыру)<br>**Менің сүйікті бұрышым.**<br>**Шығармашылық ортада жұмыс.**<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.<br>1.Алжапқышты үлгі бойынша қиып алу.<br>2.Әр түрлі гүлдерді қию<br>- қайшынымен жұмыс жасауда қауіпсіздік<br>ережесін түсіндіру.<br>Қиылған гүлдерді дайын алжапқышқа жапсыру.<br>**Ой қозғау.**<br>-Алжапқыштың түсі қандай?<br>-гүлдердің түсі қандай?<br>**Дид ойын: «Сыйлық»**<br>**Тәрбиеші:** Біз алжапқышты дайындап жапсырдық, енді апайымыз тігіншіге апарып оны тіктіріп алсын<br>Жасаған жұмысты корзинаға салып көмекші апайға беру.<br>(Нәтижесін көрсету, шынайы түрде тіктіру)<br>**Сергіту сәті: Музыка әуенімен.**<br>**Тақпақ «Тігінші»**<br>**Автор: Мылтықбай Ерімбетов** | **Қызығушылықты ояту**<br>Көңілді әуен бұрышынан көңілді музыка.<br>Ой балалар бізді көңілді әуен бұрышы шақырып жатыр, билеп бару.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Көңілді әндер айтқанда қандай көңіл-күйде боламыз.Біз балабқшада не туралы әндерді үйрендік. Ойыншықтар, Балабақша. Біз көп достарды қайдан табамыз.Балабақшадан. Ендеше достар туралы ән үйренейік.**Ән айту: «Достасайық бәріміз». сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек. Қортынды:**<br>Шапалақ, бір-бірімен құшақтасу.<br>**Достар бірге жүреміз**<br>**Бірге ойнап күлеміз**<br>**Серуенге бірге шығамыз**<br>**Міне біздер қандаймыз**<br>**Ғажайып сәт:**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Қызыл телпек:**<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! ме алыс жақтан, ертегілер елінен келдім. Сендерге қызықты тапсырма алып келдім Орындайсыңдар ма?<br>**Миға шабул**<br>Дид ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Диқанның тұқымын<br>Шашпай тек кетпейді<br>Қарны тоқ, қайғысы жоқ<br>Мысық қуса жетпейді. | **Сылдырмақ үні.**<br>**Шеңберге шақыру.**<br>«Әдемі жүрекшелер» (қызыл қағаздан қиылған)<br>Бір-бірімізге жүрек жылуымызды сыйлаймыз<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Өлең оқу. «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.**<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау қозы құлыншақ<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Емес олар ұрыншақ.<br>Қуыршақтар ұйықтайды,<br>Айтқанымнан шықпайды<br>Бұзау, қозы, құлыншақ,<br>Маған қабақ шытпайды.<br>Өлең не туралы айтылған?<br>**Менің сүйікті бұрышым.**<br>**Сұрақ-жауап.**<br>-Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?<br>-Ойыншықтар неден жасалады?<br>-Неден жасалған ойыншықтар қатты болады?<br>-Қандай ойыншықтар жұмсақ болады?Неліктен?<br>**Ой қозғау.**<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ. Дьенеш блоктарымен жұмыс.**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылда?»**<br>**Шарты:**Блоктардан ойыншықтар құрастыру.<br>**2-топ. Миға шабул**<br>Сұрақ- жауап.<br>Ойыншықтар неден жасалады?<br>Қандай ойыншықтар тез | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Қуаныш смайлктерін балаларға таратып беру.**<br>Балалар сендерге көңілді болған ұнай ма? Ендеше бүгін бізде ерекше күн болмақ, себебі бізге ертегілер елінен сиқырлы поезд Желаяқ келе жатыр екен.<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар, сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме? Ендеше ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келе ме? Онда ертегілер еліне барайық.<br>Поезд: (видео роликтен көрсетіледі)<br>Саламатсыңдар ма, балалар! Мен ертегілер еліндегі Желаяқ поездымын. Ертегілер еліне барар жолымыз ұзақ, жаяу барсаңдар шаршап қаласыңдар бәріңіз поездға отырыңдар әндетіп барайық.<br>Тыныштық сәті: Ертегілер елі өте ғажап, айнала толы әдемі түрлі - түсті гүлдерге, жап жасыл ағаштарға толы керемет. Ал енді терең тыныс алып көзімізді ашамыз. Біз ертегілер еліндеміз.<br>Қандай ертегілерді білесіңдер?<br>Кейіпкерлерді атайықшы?.<br>Кенеттен боялмаған Әтеш пайда болады. Ол көңілсіз екен, мұңайып тұр.<br>(роликтен көрсетіледі) | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Ғажайыптар әлемі бізге сыйлық дайындап қойыпты..** сыйлықты тауып көрейік.<br>**Түстер бойынша топтарға бөлу.**<br>**Дид ойын: «Өз түсіңді тап»**<br>**Шарты:** Түстерді тандап алады.<br>Төрт түсті топтарға бөлінген балалар бөлмені аралап жүріп, өздерінің қолдарындағы дөңгелектің түсіне байланысты жасырылған конвертті тауып алып, ішінде не (барын байқайды.<br>Жасырылған конверттің ішінен әдептілікке (байланысты мазмұнды суреттер шығады.<br>**Ой дамыту.**<br>**АҚТ технол жұмыс.**<br>**1 суретті әңгімелеу**<br>Суреттен бір қыз баланың таяқ таянған қарт кісіге қамқорлық көрсетіп, көшеден өтуге көмектесіп тұрғанын көріп тұрмыз. Бұл қыз өте қайырымды екен. Біз де осы қыз сияқты қайырым боламыз.<br>Түйіндеу.<br>- Тамаша, балалар! біз көп жақсы істерді жасай білуге үйренеді екенбіз. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Түрлі-түрлі матаны,<br>Көйлек етіп жатады.<br>Барлық адам біледі,<br>Киім тіккіш апаны.<br>Жіптің – қызыл, ағы бар,<br>Жасыл, көгі тағы бар.<br>Бір көйлектің өзінен,<br>Түрлі өрнек табылар.<br>**Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»** мамандықтар туралы фото альбомдар қарау.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Тосын сәт: Аудио дыбыс.<br>Ой, ой, ой, енді не істеймін, енді не істеймін, шашылып жатқан суреттер6 бояул көрсету. Балалар бұл кім деп ойлайсыңдар? Дұрыс суретші. Суретшінің салып жатқан суреттері бір себептермен шашылып бөлініп қалыпты, жинауға көмектесейік<br>**Дид ойын: «Суретшіге көмек»**<br>**Шарты:**Суретшінің шашылған суреттерін жинап құрастыру. Суреттерге ат қою.<br>**Ой дамыту.**<br>Балалар суретте не байқап тұрсыңдар.<br>Суреттің екінші бөлігін суретші бояп үлгермеген<br>Қане суретшіге тағыда көмек керек.<br>**Дид ойын: «Әдемі суреттер»**<br>Суреттердің екінші бөлігін бояу.<br>Дайын суреттерді ретімен жинап корзинаға салып, суретшіге беріп жіберу.<br>**Мен суретші боламын,**<br>**Бәріңді де саламын.** | **Тышқан**<br>2.Тауықтар қорқып жасқанған<br>Құлағы артық басқа аңнан.<br>**Түлкі**<br>3.Орғыған қорқақ, көзі қыли<br>Қыспен жазда екі түрлі тон киеді. **Қоян**<br>**Тосын сәт. Аудио дыбыс.**<br>Аю, бақа,қасқырдың даусы жазылған аудиодан сұрақ-жауап.<br>**Ой қозғау.**<br>- Балалар бұл жануарлар қай ертегі түрлерінде кездеседі?<br>Ертегі қалай аталады?<br>Жарайсыңдар балалар,<br>**Үйшік ертегісі** Қызыл телпекпен қоштасу.<br>**Ой дамыту.**<br>Үйшікте қандай жануарлар бар?<br>Үйшік ертегісінде жануарлардың арасында не болды.<br>Достық деген не?<br>Ертегі желісін оқи отырып көрсету, түсіндіру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Аланда үйшік<br>Есікте құлып<br>Сәулетті үйшік тым жақсы<br>Үйшікте кім бар тіл қатшы<br>Тук, тук ,тук<br>**Сюжеттік рольдік ойын «Театр әлемі»**<br>Ертегіні бет перде киіп сахналау.<br>**Балалардың әрекеті.** | сынады?<br>Қандай ойыншықтар ауыр болады?<br>Қандай ойыншықтар жеңіл болады?<br>Сыни ойлау арқылы жауап<br>**3- топ. Шығармашылық топ. Дид ойын: «Қандай түс?»**<br>Шарты: Берілген ойыншықтарды бояу.<br>**4-топ. Мнемотехникамен жұмыс.**<br>-Мнемокесте арқылы ойыншықтарға сипаттама беру. Өз ойын айту.<br>**«Бірлік шеңбері»**<br>**Көркем сөз**<br>**Қ. Мырзалиев.**<br>**«Ойыншықтар»**<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайық,<br>Келе ғой, дос ойнайық.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Ойыншықтар не үшін керек екен?<br>Ойыншықтармен қалай ойнау керек?<br>**Зерттеу бұрышы**<br>**Тәжірибе: «Кішкентай ғалымдар»**<br>Үлкендеу табақшаға су құйып, оған доптарды салу арқылы доптардың жеңіл екенін балаларға көрсетіп, түсіндіру.<br>**Сұрақ-жауап:**Балалар доп жеңілме ауырма, және суға батама, батпай ма?<br>Осыны біліп көру үшін қазір біз сендермен | Мынау не?<br>- Балалар әтештен сұраңдаршы неге ол көңілсіз? Кім оны өкпелетті, ренжіткенін білейік.<br>Әтеш: - Сәлеметсіңдер ме балалар,<br>Балалар бірінші мынау мен туралы ертегіні көріп, мен туралы әңгімені тыңдасаңдар, барлығы түсінікті болады, сұрақтарыңның жауабы сол жерден табасыңдар.<br>**«Әжемнің еретгісі »Әтеш және бояулар ертегісі**<br>Мені бір суретші бала салды, содан ол мені бояуды ұмытып кетіпті. Содан мен аулаға серуендеуге шықсам, барлығы маған күле бастады. Кішкентай балапандар да күлді. Содан алдымнан бір күшік шығып, ол таңырқап маған қарап тұр екен. Мен ол күшіктен сұрадым. Күшік неге таңырқап қарап тұрсың? Күшік ой сен неге аулада боялмаған түріңмен жүрсің? Мен күшікке сенбей аулада жатқан көлшікке барып суға қарасам, расында мен боялмаған екем. Бәрі түсінікті болды, барлығы не үшін күлгендері. Содан мен көңілсіз отыр едім қасыма күшік келді.<br>Енді мен не істеймін, аулада қалай жүремін?- дедім мен күшікке | **2 суретпен жұмыс.**<br>Екінші суреттен табиғат аясында ағаштарға су құйып, гүлдердің түбін қопсытып жатқан бір топ балаларды көріп тұрмыз. Балаларға бірлесіп жұмыс істеген ұнаған сияқты. Олар өте көңілді. Біз де осы балалар сияқты айналамызға, табиғатқа қамқорлық көрсете аламыз.<br>**3 суретпен жұмыс**<br>Бұл суреттен сүйіспеншілігі мол, бір-біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастарқан басындағы отбасы мүшелерін байқадық<br>**4 суретпен жұмыс.**<br>**«Мен де жақсы бала боламын»**<br>Мақсаты: балаларды жағымды істерге жұмылдыру Мысалы:<br>- Мен де атама орнынан тұруға көмектесемін.<br>- Мен де ініммен ойыншықтармен бөлісемін.<br>- Мен де үйдегі гүлге су құямын.<br>- Мен де ата-анамның айтқанын тыңдаймын.<br>- Мен де өз ойыншықтарымды шашпаймын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Марапатқа ие болып,**<br>**Бірінші орын аламын.**<br>**Аудио дыбыс:**<br>Ой балалар не деген керемет балаларсыңдар, мен қатты уайымдадым, енді міне көңілдімін. Көгілдір экраннан көңілді суретшіні көрсету.<br>**Шапалақ. Осы көтеріңкі көңіл күймен серуенге шығайық.**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>-сәлемдесу<br>-сапқа тұрғызу<br>Сапқа тұру, қалыпты және дұрыс тұруды тексеру: колоннада бірінен соң бірін қалпына келтіру, баған бойынша аяқ ұшымен кезек-кезек жүру, қол белде (тізеңізді бүкпеу); бағанда бір-бірден жүгіру; педагогтың белгісінде шашырап жүру, шашырап жүгіру; бір-бірден колоннада қалыпты тұру.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**1. Б.қ.: Аяқтың ені иықпен параллель, қолдар,белде**<br>1 - қолдар екі жаққа: 2 – қолды жоғары, аяқ ұшымен көтеру:<br>3 - қолдар екі жаққа;<br>4 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**2. Б.қ.: Аяқтар иық енінде, қолдар бастың артында.**<br>1 - қолды белде денені оңға, бұру; 2 - бастапқы қалыпқа оралу.<br>Солға солай жасау<br>**3. б.қ.: Аяқ иық деңгейінде,** | **Бақылау.**<br>**Топтық жұмыс**<br>**«Менің сүйікті бұрышым»**<br>Балалар бізде өзімізге арнап үлкен достық үйін құрастырайық.<br>**Дид ойын: «Достық үйі»**<br>(Үлкен ватм қағазының беріне пішіндерден үй құрастыру)<br>Үйдің құрлысы неден тұрады.<br>Қандай пішіндер қолданамыз?<br>Қандай түсті үйлер ұнайды?<br>**Топтық жұмыс.**<br>Енді осы құрастырған үйімізді сол бетке жапсырып іліп қояйық. Пішіндерді жапсыру.<br>**Үйді іліп көрсету.**<br>**Ситуациялық сұрақ:**<br>Ой балалар біздің үйімізге бір нәрсе жетіспей тұр, не жетіспей тұр деп ойлайсыңдар.<br>Әрине үйіміздің жан-жағы бос тұр.<br>**Балдарды топқа бөлу.**<br>**1-топ** үйдің төбесіне күн суретін салу.<br>**2-топ** үйдің жан-жағына талдардың суретін салу,<br>**3-топ** гүлдердің суретін салу.<br>**Үйді ілу.Шапалақ қуану.**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: Балабақша**<br>**І.2. Таңғажайып сәт.**<br>- Есік қағылып түрлі – түсті қорапшалар келеді. | тәжірибе жасаймыз: допты суға салайық. Қане, қараңдаршы доп суға бата ма, жоқ па? Батпайды екен. Қалай ойлайсыңдар неге, батпайды?<br>Балалар қараңдаршы доп су бетінде жеңілме әлде ауырма?<br>Балалар: Жеңіл<br>**Қортынды:**Доп су бетінде жеңіл болады.<br>Ішіне ауа толтырылған.Сондықтан ол ұрсаң секіреді,тепсең қашады.<br>Сонымен доп қандай ойыншық түріне жатады?<br>Жеңіл, сондықтан суға батпайды.<br>**Сергіту сәті: Музыкамен Кім доп туралы тақпақ біледі?**<br>**Доп туралы тақпақ жаттау.**<br>Добым менің, добым менің,<br>Өзің неткен көңілді едің.<br>Зымырайсын,құтындайсың,<br>Бірақ менен құтылмайсың<br>**Доппен ойнаған ұнай ма?**<br>**Серуенде доппен ойын ойнаймыз**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>-сәлемдесу<br>-сапқа тұрғызу<br>Сапқа тұру, қалыпты және дұрыс тұруды тексеру: колоннада бірінен соң бірін қалпына келтіру, баған бойынша аяқ ұшымен | - Әтеш сен қорық па, сас па, сен балаларға бар, көмек сұра оларда бояулар көп солар саған көмектеседі - деді күшік. Мен сөйтіп балалар сендерге көмек сұрап келдім, менің бірақ арманым бар, мені әдемі етіп бояп беріңдерші?<br>- Балалар сендер Әтештің оқиғасын көрдіңдер, әтешке қандай көмек керек екенін айтыңдаршы?<br>- Дұрыс айтасыңдар!<br>- Балалар біз сиқырлы ертегілер елінде емеспіз бе?<br>- Әтешке көмектесеміз бе?<br>- Әрине, көмектесеміз. Біз бояуларға айналыуымыз керек, ал ол үшін басымызға әр түсті бояуды білдіретін, бояу бас киімін киіп алайық. Ал енді боясақ бояйық, менің сиқырлы себетім бар, сол себетте бояулар бар, қазір бояуларды алып әтешті бояймыз. Әтештің арманын орындаймыз.<br>Балалар сендер бояулар бар себетті көріп тұрсыңдар ма? себетіміз қайда? Айналамыздан іздеп көрейікші. Міне сиқырлы себет.<br>**Тосын сәт.Аудио. телефон шырылдау.**<br>- Саламатсыңдар ма балалар! Біз сендерге көмектесу үшін хабарласып отырмыз. Зұлым сиқыршы себетті сиқырлап қойды, егер балалар себеттегі | **Ғажайып сәт**<br>Мына ғажайыптар әлемінің бізге дайындаған бірнеше сыйлықтары бар екен.<br>- Бұл Бояу, кітап, пішіндер.<br>- Балалар, бұл сыйлықтар бізге қандай көмек көрсете алады?<br>Ой балалар мына жерден карта тауып алдым. Картадағы аялдамалардан қандай суреттерді көріп тұрсыңдар?<br>**1-бет. Табиғат көрінісін бояу.** Ол үшін бізге не көмектеседі.<br>Әрине бояу. **Дид ойын: «Кішкентай суретшілер»**<br>**2-бет. Тақпақтар әлемі деп жазылған.** Ол үшін бізге не көмектеседі?<br>Кітап. Біз үйренген тақпақтарымызды айту керекпіз. **Дид ойын: «Ақындар»**<br>**3-бет. Әр түрлі үйлер құрастыру**.Бізге пішіндер көмектеседі.Әр беттің тапсырмасын орындау.<br>**Дид ойын: «Құрлысшылар»**<br>**Қортынды балаларды мадақтау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қолдар төменде.**<br>1 - қолды екі жаққа; 2 - оңға (солға) аяққа еңкейту, аяқ ұшын саусақтармен ұстау;<br>3 - түзу, қолды екі жаққа созу;<br>4 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**4. б.қ: 1- қолдар белде**.<br>1-2 - отырыңыз, қолды алға созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**5. б.қ.: Негізгі бағыт, қолды төмен.**<br>1 - оң аяқты алшақ қою, сол қолды бүйірге ұстау<br>2. оң қолды көтеріп , солға жоғары иілу. 3 - қолды екі жаққа түсіру, 4 - оң аяқты жаққа қойып, бастапқы қалпына келу. Солға солай жасау.<br>**6.б.қ.: негізгі ұстаным, қолдар белде.**<br>1 - аяқтарды бір-бірінен алшақтатып, қолдарды екі жаққа көтеріп секіру: 2 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс түрлері**<br>1. Гимнастикалық орындықта қолды белге ұстап жүру.<br>2. Екі аяғымен алға ұмтылып секіру , еденнен жоғары көтеріліп секіру (арақашықтық 4 м) 3.<br>**3 бөлім.**<br>**Қимылды ойын «Доп кімде?»**<br>Шарты: Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Драйвер таңдалды. Ол шеңбердің ортасында тұрады, ал қалғандары бір-біріне мықтап жақын тұрады, бәрінің қолдары артында. | (Тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша)<br>- **Таңғалу**<br>**-Бұл қорапша кім жіберген?**<br>**-Бетіндегі хатты оқу.**<br>**Білім ханшайымынан келген.**<br>Құрметті менің балақайларым сендердің балабақша туралы білімдеріңді тексергім келеді. Сондықтан сендерге мына қорапшаны жібердім. Бұл қорапша жай қорапша емес, сиқырлы қорапша<br>Әр қорапшаны ашу үшін берілген жұмбақтарды шешу керек.<br>-Балаларды топқа бөлу.<br>**І.3. Қызығушылықты ояту. Әр қораптың жұмбағын жасыру.**<br>**1 - топ. Ақ қорапша**<br>Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл катты.<br>**(Дәрігер)**<br>**Қораптан заттар шығады.**<br>**Дид ойын : «Дәрігер заттарын жина» сипатама беру.**<br>**1.1. Ой қозғау.**<br>Сұрақ- жауап өлең жолдарымен. Барлық балаларға ортақ<br>**Іш ауырса, тіс ауырса,**<br>**Маған дәрі береді.**<br>**Барлық ана, барлық бала,**<br>**Оны жақсы көреді.**<br>**- Балалар, айтыңдаршы, тақпағымыз кім туралы?** | кезек-кезек жүру, қол белде (тізеңізді бүкпеу); бағанда бір-бірден жүгіру; педагогтың белгісінде шашырап жүру, шашырап жүгіру; бір-бірден колоннада қалыпты тұру.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**1. Б.қ.: Аяқтың ені иықпен параллель, қолдар,белде**<br>1 - қолдар екі жаққа: 2 – қолды жоғары, аяқ ұшымен көтеру:<br>3 - қолдар екі жаққа;<br>4 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**2. Б.қ.: Аяқтар иық енінде, қолдар бастың артында.**<br>1 - қолды белде денені оңға, бұру; 2 - бастапқы қалыпқа оралу.<br>Солға солай жасау<br>**3. б.қ.: Аяқ иық деңгейінде, қолдар төменде.**<br>1 - қолды екі жаққа; 2 - оңға (солға) аяққа еңкейту, аяқ ұшын саусақтармен ұстау;<br>3 - түзу, қолды екі жаққа созу; 4 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**4. б.қ: 1- қолдар белде**.<br>1-2 - отырыңыз, қолды алға созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа оралу<br>**5. б.қ.: Негізгі бағыт, қолды төмен.**<br>1 - оң аяқты алшақ қою, сол қолды бүйірге ұстау<br>2. оң қолды көтеріп , солға | берілген тапсырмаларды, дұрыс орындасаңдар себеттің сиқыры кетіп түрлі түсті бояулар пайда болады сонда ғана әтешке көмектесе аласыңдар.<br>Балалар орындаймыз ба?<br>1-тапсырма<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?<br>–Қандай заттар бір-бірден салынған?<br>Мұнда қанша тауық бар?<br>- Қанша балапандар бар?<br>- Мына ағашта қанша алма?<br>- Ал, мына ағашта қанша алма?<br><br>Балаларды мадақтау.<br>**2-тапсырма: Көп, аз ұғымы**<br>Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу) Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу) үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп) Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп)<br>**3-тапсырма: Салыстыру.**<br>Үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу<br>- Иә, дұрыс.<br>Жарайсыңдар балалар тапсырманы дұрыс орындадыңдар енді біздің | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Педагог біреуге доп береді (диаметрі 6-8 см), ал балалар оны шеңбер бойымен арқаларына береді. Жүргізуші доп кімде екенін анықтауға тырысады. Ол былай дейді: «Қолдар, қолдар!» - осы кезде оған балалар доптың жоқтығын көрсеткендей екі қолын, алақанын жоғары көтеруі керек. Егер жүргізуші дұрыс болжаса, ол допты алып, шеңберге тұрады, ал допты тапқан адам жүргізе бастайды* | ***2 - топ. Қызыл қорапша***<br>*Қалпағы ақ қарасаң,*<br>*Дәрігер емес, бірақ ол.*<br>*Дәм мәзірін қаласаң,*<br>*Алға ұсынып тұрады ол.*<br>***(Аспаз)***<br>***2.1.Шығармашылық жұмыс.***<br>*Қораптан шыққан аспаз заттарын бояу*<br>***Дидактикалық ойын : «Атын ата»***<br>*Бояған аспаз заттарын атау.*<br>***Тақпақ . «Аспаз»*** *Барлық бала бірге айту керек*<br>*Жасайтын түрлі тағамдар,*<br>*Аспазшы жақсы адамдар*<br>*Ботқа, көже, тоқашты*<br>*Бізге үнемі береді.*<br>*Дәмді етін пісіріп.*<br>***3 – топ. Жасыл қорапша***<br>*Шәкіртке жанашыр,*<br>*Мейірман кім, жаны асыл.*<br>***(ұстаз)***<br>***3.1 Ой қозғау***<br>*Суретпен жұмыс*<br>*-Суретте кімді көріп тұрсыңдар*<br>*-Тәрбиеші сендерге не үйретеді?*<br>*– ойнатады, ертегі тыңдаймыз.*<br>*– Жаттығу жасаймыз, ән айтамыз.*<br>***3.2. Ой дамыту*** *.*<br>***Балабақша туралы әңгіме жүргізу.***<br>*– Балабақша дегеніміз не? балаларды тәрбиелейтін орын.*<br>*– Сонымен балабақшада* | *жоғары иілу. 3 - қолды екі жаққа түсіру, 4 - оң аяқты қойып, бастапқы қалпына келу. Солға солай жасау.*<br>***6.б.қ.: негізгі ұстаным, қолдар белде.***<br>*1 - аяқтарды бір-бірінен алшақтатып, қолдарды екі жаққа көтеріп секіру: 2 - бастапқы қалыпқа оралу*<br>***Негізгі қимыл-қозғалыс түрлері***<br>*1. Гимнастикалық орындықта қолды белге ұстап жүру.*<br>*2. Екі аяғымен алға ұмтылып секіру , еденнен жоғары көтеріліп секіру (арақашықтық 4 м) 3.*<br>***3 бөлім.***<br>***Қимылды ойын «Доп кімде?»***<br>*Шарты: Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Драйвер таңдалды. Ол шеңбердің ортасында тұрады, ал қалғандары бір-біріне мықтап жақын тұрады, бәрінің қолдары артында.*<br>*Педагог біреуге доп береді (диаметрі 6-8 см), ал балалар оны шеңбер бойымен арқаларына береді. Жүргізуші доп кімде екенін анықтауға тырысады. Ол былай дейді: «Қолдар, қолдар!» - осы кезде оған балалар доптың жоқтығын көрсеткендей екі қолын, алақанын жоғары көтеруі* | *себетіміздің сиқыры жойылды, ішінен бояуларды алып әтешті бояйық, балалар екі топқа бөлініп бір топ қылқаламмен , екінші топ дәстүрден тыс әдіспен түрлі түсті дәнді дақылдармен желім арқылы жапсырып орындаймыз.*<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.*<br>*Ал балалар жарайсыңдар біз әтешке көмектестік міне біздің боялған әтешіміз қандай әдемі, енді ол аулада ұялмай серуендей алады.*<br>*АҚТ көгілдір экраннан әтеш балаларға келіп*<br>*- Балалар маған көмектесу үшін сендер тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар рақмет сендерге*<br>*Сендер шаршаған шығарсыңдар бәріміз бірге сергіту жаттығуын орындайық*<br>*Сергіту сәті:*<br>*Әтеш ерте оянды*<br>*Жан жағына қарады*<br>*Шынықтырып денесін*<br>*Қанаттарын қағады.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар қане әтешпен бірге ойын ойнауға келісесіңдер ме?*<br>***«Ертегі құрастыр» (пазл)***<br>*Шарты: суреттерге қарап ертегі кейіпкерлерін рөлін дұрыс құрастырып, сол ертегіні айтып беру.*<br>*Әтеш: Ал енді мен өз аулама барып өзімнің сұлулығымды* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *кімдер қызмет етеді екен?*<br>*-Тағы кімдер жұмыс жасайды?*<br>*– Өз балабақшаларыңды жақсы көресіңдер ме?*<br>***«Сиқырлы сылдырмақ»***<br>*балаларды шеңберге жинау*<br>*Сұрақ-жауап* | *керек. Егер жүргізуші дұрыс болжаса, ол допты алып, шеңберге тұрады, ал допты тапқан адам жүргізе бастайды.* | *көрсетейін, сендерге көп - көп рахмет, сау болыңдар.*<br>*- Балалар біздің қайтар жолымыз өте ұзақ, сондықтан сиқырлы поезға отырып әндетіп қайтайық.*<br>*Вид ролик*<br>*Балабқшаға келу.Балаларды мадақтау.*<br>*Жарайсыңдар.*<br>*Балаларға көңілді смайлктер беру*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: Біздің балабақшада***<br>***Музыкалық сәлемдесу.***<br>*«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өткен сабақта ұстаз – тәрбиеші туралы ән айттық. Бүгін сол мамандық иелерінің жұмыс орны – балабақша туралы білетін боламыз.*<br>***Балабақшада.*** *Ернұр Сейдахмет*<br>*Күлімдейді күніміз.*<br>*Көңілді ән-күйіміз.*<br>*Асыр салып жүреміз,*<br>*Тәртіп бұзбай жиі біз.*<br>*Білеміз біз, сұраңыз.*<br>*Жаттап алдық жыр-аңыз,*<br>*Тәрбиеші апайдың,*<br>*Айтқанын тез ұғамыз.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Балабақша ережелері, қызметі туралы түсінік беру.*<br>***Музыка тыңдау:Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов«Достар»*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *«Үш түрлі көңіл күй» музыкалық-дидактикалық ойынын қолдану арқылы әннің көңіл күйін ажыратуға баулу.*<br>***Дауыс жаттығулары:***<br>*«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.*<br>***Ән айтуБалабақша (әні мен сөзі Бота Бейсенованікі)***<br>*саған ұнай ма? Саған қандай сабақ қызықты? Әннің мазмұны туралы не айта аласың? Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Әннің кіріспе бөлімі мен қайырмасын ажыра білуге баулу. Айырмашылықтарын түсіндіру, талқылау. Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балабқшаға не үшін барасың? Балабқшадан не үйренесің?*<br>*Суретке қарап, өз балабақшаң туралы әңгімеле. Балабақшада сендерді кім күтіп алады? Кімдермен ойнайсың?* | |
| Серуенгедайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №13***<br>***Аула маңындағы көліктерді*** | ***Картотека №14***<br>***Ауа- райын бақылау*** | ***Картотека №17***<br>***«Күз көрінісін бақылау»*** | ***Картотека №11***<br>***Күнді бақылау.*** | ***Картотека №2***<br>***Күзгі*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға көліктер туралы , жүргізушілер туралы кең мағлұмат беру.*<br>***«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** *ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.* | ***Мақсаты:*** *Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.* | ***Мақсаты:*** *Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.*<br>***Қим ойын:Допты қуып жет***<br>*Добым, добымдомала,*<br>*Балшыққа сен жолама.*<br>*Бүлдіресіңқолымды,*<br>*Жеккөреміноныңды.* | ***Мақсаты:*** *Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.* | ***жапырақтарды бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.* |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау..***<br>*Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттіліктен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскіас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну***<br>*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.***<br>*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | | | | |
| Біртіндеп ұйқыда нояту, сауықтырушаралары | ***№4 1. Ояну***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттанып ойнайық.* | ***№5 1. Ояну***<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.* | ***№3***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.* | ***№61. Ояну***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | ***№81. Ояту***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* |
| | ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды | ***Дидойын? «Сөйлемді жалға»***<br>***Мақсаты:*** *адамның белгілі бір кәсібіне байланысты сөздер мен сөз тіркестерін* | ***Көңілді шеңбер «Дос болайық бәріміз»***<br>*Армысың досым,*<br>*Кел, маған қосыл.* | ***Ғажайып сәт.***<br>*Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді*<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар,* | ***Жұмбақтар сыры.***<br>***Тәулік бөліктері.***<br>***Дид ойын: «Бұл қай кезде болады»*** | ***Дид ойын: «Жасырынған пішіндер»***<br>*Ойын шарты: Суретке қарап,заттардың қай* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті ,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | *пайдаланып сөйлемдерді аяқтай білуге дағдыландыру.*<br>*Аспаз ... тазартады (балық, көкөністер, ыдыс-аяқтар ...)*<br>*Кір жуушы ... (орамал, төсек-орын, халаттар ...) жуады.*<br>*Тәрбиеші таңертең балалармен ... (жаттығулар жасайды, таңғы ас ішеді, сабақ жүргізеді ...)*<br>*Қыста аулада сыпырушы ... (қар күректейді, аумақтарды тазартады, жолдарға құм себеді ...) т.б.*<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр»***<br>***Балаларды топқа бөлу***<br>***1-топқа жұмбақ***<br>*Өскен шашты жаратпайтын,*<br>*Қайшысы бар жалақтайтын.*<br>***(Шаштараз)***<br>***2-топқа жұмбақ***<br>*Қалпағы ақ қарасаң,*<br>*Дәрігер емес, бірақ ол.*<br>*Дәм мәзірін қаласаң,*<br>*Алға ұсынып тұрады ол.**(аспаз)***<br>*3-топқа жұмбақ*<br>*Жол қозғалысы ережелерін біледі*<br>*Оның досы бар – бағдаршам.*<br>*Бағдаршаммен жүреді,*<br>*Ережесін жаттаған*<br>***(Жүргізуші)***<br>*Әр топ өз жұмбағы бойынша осы мамандықтардың құралдарын мүсіндеу.*<br>***Сюжеттік рольдік ойын:***<br>*«Жүргізуші», «Аспаз», «Шаштараз»* | *(Қолмен шақырады).*<br>*Алақанға салып алақан,*<br>*Шеңберге бірге тұрайық.*<br>*(Қолдарын ұстайды).*<br>*Жер шарындай айналып*<br>*Әлемге жарық, ұқсайық.*<br>*(Айналады).*<br>*Қолымызды көтеріп,*<br>*Күннің нұрын алайық.*<br>*(Қолдарын көкке созады).*<br>*Ортамызда күн нұры,*<br>*Құшаққа оны алайық.*<br>*(Құшақтасады).*<br>*Барлығы хормен:*<br>*Шаттанамыз бәріміз,*<br>*Өміріміз көңілді.*<br>*Мәңгілік достықпен*<br>*Мақтанамыз бәріміз!*<br>***Ыстық орындық әдісі.***<br>*Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды.*<br>*– Сенің досың кім?*<br>*– Сен кіммен дос болғың келеді?*<br>*Ойын бұрышындағы сурет альбомдар қарау.*<br>***Көңілді жаттығу «Достар»***<br>*Музыкамен*<br>***Дид ойын: «Досыма арналған гүл»***<br>*Балалар біз доспыз бір-бірімізге гүл жасап сыйлайық.*<br>***Шығармашылық бұрыш***<br>*Картонға салынған гүл суретінің үстіне ермексазды жағу арқылы түрлі-түсті гүл мүсіндеу.*<br>***Түсіндіру:** Ермексазды алақанда жұмсарту, созу, жағу әдістерін үйрету.* | *мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерден көмек сұрап келдім.*<br>*- Балалар, бауырсақ ертегісін білесіңдер ме?*<br>*- Бауырсаққа кімдер кездеседі?*<br>*Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Бауырсаққа бірінші не кездеседі.*<br>***1. Қоян.***<br>*Қоянның тапсырмасы.*<br>***Дид ойын: «Ойыншықтар сөйлейді»** Ойыншықтарға сөйлем құрау.*<br>***2. Қасқар: Дид ойын: «Кім жылдам»Шарты:** Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.*<br>***3. Аю:**Маған мына корзинама ойыншықтарды жапсырып беріңдер, осы корзинамен құлпынай теруге барамын, достарыма көрсетемін.*<br>*Жапсыру.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ.**Сары корзинаға допты жапсыру*<br>***2-топ.**Қызыл корзинаға шелекті жапсыру* | *Тәулік бөліктері туралы.*<br>*Ұйқымыздан тұрамыз*<br>*Беті-қолды жуамыз*<br>*Әкемізге ереміз,*<br>*Бақшамызға келеміз*<br>*Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)***<br>*Сабақ оқып, ойын ойнап,*<br>*Серуендеп қайтамын*<br>*Тамағымды ішіп*<br>*Түсте ұйықтап жатамын. (**Күндіз)***<br>*Біз тәртіпті баламыз*<br>*Сабақты да оқимыз*<br>*Серуенге шығамыз,қыдырамыз*<br>*Бұл қай кез? **(Түс)***<br>*Ұйқыдан тұрып,беті-қолды жуып*<br>*Төсекті жинап тазалықты сақтап,*<br>*Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын*<br>*Бұл қай кез? **(Бесін)***<br>*· Күн батады қызарып,*<br>*Мамамызды күтеміз*<br>*Бұл қай кез? **(Кеш)***<br>*-Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші.*<br>*Таңертең, күндіз,түс, бесін,кеш, түн* | *бөлігі қай пішінге ұқсайтынын табу керек.*<br>***Сызық арқылы түстерді қос.***<br><br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*1.Гүл ұшып гүлге қонады,*<br>*Гүл бақшам гүлге толады. ( Көбелек )*<br>*2.Қарайып ұшты қарғадай,*<br>*Бармаған жері қалмады-ай.*<br>*Жерге түсті, ін қазды,*<br>*Аяғымен тырмалай.*<br>*( Қоңыз )*<br>*3.Таңертеңнен ыжылдап ж-ж-ж,*<br>*Гүлден-гүлге қонақтап.*<br>*Тынбай ұшар, Бал жинар.*<br>*(Ара)*<br>*4.Шырылдаған дауысы*<br>*Естілер тек жазда: шыр-шыр.*<br>*Шөп ішінде секіріп,*<br>*Шыр-шыр еткен жәндікті*<br>*Білесің бе, балақан?*<br>*(Шегіртке)*<br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру.*<br>*Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бақылау, қадағалау.<br>Дайын гүлді бір-біріне сыйлау.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: Біздің балабақшада**<br>**Музыкалық сәлемдесу.**<br>«Сәлеметсіз бе! Здравствуйте! (әндете амандасу). Өткен сабақта ұстаз – тәрбиеші туралы ән айттық. Бүгін сол мамандық иелерінің жұмыс орны – балабақша туралы білетін боламыз.<br>**Балабақшада.** Ернұр Сейдахмет<br>Күлімдейді күніміз.<br>Көңілді ән-күйіміз.<br>Асыр салып жүреміз,<br>Тәртіп бұзбай жиі біз.<br>Білеміз біз, сұраңыз.<br>Жаттап алдық жыр-аңыз,<br>Тәрбиеші апайдың,<br>Айтқанын тез ұғамыз.<br>Өлең не туралы айтылған? Балабақша ережелері, қызметі туралы түсінік беру.<br>**Музыка тыңдау:Сөзі: Фариза Оңғарсынова Әні : Айжігіт Асанов«Достар»**<br>«Үш түрлі көңіл күй» музыкалық-дидактикалық ойынын қолдану арқылы әннің көңіл күйін ажыратуға баулу.<br>**Дауыс жаттығулары:**<br>«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз | **3-топ.**Көк корзинаға машинаны жапсыру.<br>**Тақпақ**<br>**ОйыншықтарБекіту**<br>Біздер де бар қуыршақ<br>Бұзау, қозы ,құлыншық<br>Ойыншықтар тыңдайды<br>Емес олар ұрыншақ | | Қол бүйірде өкшемен жүру. Қарлығашқа ұқсап ұшу. (қолды жанға созу.)<br>Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру.<br>Саптан 4 лекке (колонна) тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы даму жаттығулары**<br>**Б. қ: «Оң-сол »**<br>**1.** Аяқтары алшақ , қолдары белде. басты оң иыққа қисайту иықты көтермеу керек , басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)<br>**Б. қ.: «Шеңбер»**<br>**2.** Аяқтары алшақ , қолдары иықта. 1-4 қолымызды шеңбер бойынша алдыға қарай айналдырамыз. 5-8 – қолымызды шеңбер бойынша артқа қарай айналдырамыз. / 5 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Бұйрықты орында»**<br>**3.** Аяқтары алшақ , қолдарымыз басымызда. 1- оң жаққа еңкею, 2- б.қ.<br>3 – сол жаққа еңкею, 4- қолымызды алдыға созып, отырамыз. 5 – б.қ. /5-6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Шам жағу »**<br>**4.** Аяқтары алшақ , қолдарымыз жанда. 1- қолымыз басымызда, 2- қолымыз жоғары, оң аяғымызды артқа қойып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. Күшті бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, әлсіз бөлігінде ақырын орындау.*<br>***Ән айтуБалабақша (әні мен сөзі Бота Бейсенованікі)***<br>*саған ұнай ма? Саған қандай сабақ қызықты? Әннің мазмұны туралы не айта аласың? Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Әннің кіріспе бөлімі мен қайырмасын ажыра білуге баулу. Айырмашылықтарын түсіндіру, талқылау. Әннің сөзін анық, таза айтуға үйрету. Қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын қабылдауға дағдыландыру.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балабқшаға не үшін барасың? Балабқшадан не үйренесің?*<br>*Суретке қарап, өз балабақшаң туралы әңгімеле. Балабақшада сендерді кім күтіп алады? Кімдермен ойнайсың?* | | | *өкшемізді көтереміз, бүгеміз. 3- оң аяғымызды қоямыз, қолымыз басымызда. 4- б.қ. Сол аяқпен де дәл солай қайталау. / 5-6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Құлын»***<br>***5.*** *Аяқтарды біріктіріп ұстау, орында тұрып, қолды шынтаққа дейін бүгіп, тізені барынша биік көтере жүгіру .*<br>***Б. қ.: «Бұршақтар»***<br>***6.*** *Аяқтарды біріктіріп ұстау, қолдар белде, орында тұрып алға, артқа, оңға, солға секіру . /15-20 секунд/*<br>***Қорытынды:***<br>*4 лектен (колонна)1 саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл –қозғалыс жаттығулары***<br>***1.«Көпірде».*** *Жолды шнурлардан немесе рельстерден (ені 15 см) салады. Педагог балаларды тұрақты тепе-теңдікті және дұрыс қалыпты сақтай отырып, қол белде, аяғының ұшымен жүруге шақырады*<br>***2. «Пингвиндер».*** *Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Әркімнің қолында бір дорба бар. Педагогтің* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *белгісі бойынша балалар сөмкені тізе арасына қысып, шеңбер бойынша екі аяқпен секіреді (балалар арасындағы қашықтық бір-біріне кедергі келтірмеуі үшін кемінде 0,5 м болуы керек). Алдымен секірулер бір бағытта орындалады, содан кейін тоқтайды, бұрылады және тапсырма қайталанады*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Ұстап алушылар» ойыны (ленталармен).*** *балалар шеңбер бойымен құрастырылған; әрқайсысында белдің артқы жағына бекітілген түрлі-түсті лента бар. Шеңбердің ортасында қақпан бар. Педагогтың белгісі бойынша: «Бір, екі, үш - ұста!» - балалар ойын алаңының айналасына шашырайды. Ұстаушы лентаны біреудің қолынан тартып алуға тырысып, ойыншылардың соңынан жүгіреді. Педагогтың белгісі бойынша: «Бір, екі, үш - шеңберге тез жүгір!» - барлығы шеңбер бойымен тұрады. Педагог лентаны жоғалтқандарға, қолдарын көтеруді ұсынады және оларды санайды. Ұстаушы ленталарды балаларға қайтарады, ал ойын жаңа жүргізушімен қайталанады.* |
| Балалармен жеке | ***Тақпақ жаттау.*** | ***«Менің досым» Тақпақ*** | ***Тақпақ : Ойыншық*** | *Карандашпен үйдің* | ***Ойын: «Түстерін*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жұмыс | *Мен дәрігер боламын,<br>Бәрін емдеп жазамын.<br>Адамдарды құрметтеп,<br>Бәріне ие боламын.* | *Күнде бірге жүреміз,<br>Бірге ойнап күлеміз.<br>Бірімізге –біріміз<br>Көмектесіп жүреміз.* | *Іші толы бөлменің<br>Ойыншығым мол менің,<br>Босқа тізін қоймайық,<br>Келе ғой, дос, ойнайық* | *суретін саладыру* | ***сәйкестендір»***<br>*Шарты: суреттегі түрлі түсті үйлерге пішіндерді түстеріне қарай орналастыру.<br>Балалар пішіндерді түстерін ажырата отырып үйлерге орналастырады.* |
| Серуенгедайындық | **«Еңбегі адал жас өрен» -**<br>***Еңбек сабағы:*** *Балаларға әртүрлі жұмыстар ұсыну, мысалы, бөлмені жинастыру, гүлдерге су құю, ойыншықтарды жинау. Әр тапсырманы адал және жауапты орындау қажеттілігін түсіндіру.*<br>*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №13***<br>***Аула маңындағы көліктерді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға көліктер туралы , жүргізушілер туралы кең мағлұмат беру.*<br><br>***Ұлттық ойын- ұлт қазынсы***<br>***«Тақия тастамақ»*** | ***Картотека №14***<br>***Ауа- райын бақылау***<br>***Мақсаты:*** *Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.* | ***Картотека №17***<br>***«Күз көрінісін бақылау»***<br>***Мақсаты:*** *Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жауууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.* | ***Картотека №11***<br>***Күнді бақылау.***<br>***Мақсаты:*** *Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле<br>( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.*<br><br>***Ұлттық ойын- ұлт қазынсы***<br>***«Арқан тарту»*** | ***Картотека №2***<br>***Күзгі жапырақтарды бақылау.***<br>***Мақсаты:***<br>*Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.* |
| | ***Еңбегі адал жас өрен, серуен кезінде еңбек дағдыларын, экологиялық мәдениетті дамыту***<br>***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.<br>Балалардың үйге қайтуы.* | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.<br>Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..* | *Ана – аналармен әңгімелесу.<br>Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Балалардың сұранып үйге қайтуы* | | |

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

Білімберуұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Ересек топ.

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 09.09 – 13.09.2024ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | ***Күй күмбірі – ұлттық құндылық, ұлттық өнерге баулу.***<br>*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | ***Өнегелі -15 мин.*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*<br>*Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека №2***<br>***Дид ойын:***<br>***«Не қайда тұрады?»***<br>***Мақсаты:*** *Ойын арқылы жануарларды өз мекеніне орналастыра алады.* | ***Картотека №9***<br>***Дид ойын:***<br>***«Қай жануар артық»***<br>***Мақсаты:*** *Берілген суреттен артық жануарды тауып, сипаттан айта алады.* | ***Картотека №13***<br>***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»***<br>***Ойын шарты:*** *әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінің сұрайды. Олардың немен коректенетінің айтқызады.* | ***Картотека № 16***<br>***«Үй жануарлары***<br>***Ойын шарты:*** *балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын,қалай күтуге болатынын айтқызады.* | ***Картотека №17***<br>***«Сөйлемді жалғастыр»***<br>***Ойын шарты:*** *бір бала сөйлемнің басын бастайды, басқа балалар сөйлемді баяқтауы керек.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | *Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | ***Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру.*** *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.*<br>***Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.***<br>*Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | ***«Балалар кітапханасы»-жобасы*** | | | | |
| | *Жарқырап күнде ашылды,*<br>*Айналаға нұр шашылды.*<br>*Қайырлы күн!*<br>*Біз көңілді баламыз!*<br>*Қайырлы күн!* | *Күлімдеген күн мейірімді!*<br>*- Кіршіксіз ақ қар мейірімді!*<br>*- Таза мөлдір су мейірімді!*<br>*- Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!* | *Күн нұрындай көңілім,*<br>*Даламдай кең пейілім.*<br>*Жүрегім толы мейірім,*<br>*Бәріне ортақ шуағым,*<br>*Қайырымды боламын.* | *Қайырлы таң балалар!*<br>*Жарқырады қаламыз,*<br>*Жайнай түсті даламыз,*<br>*Қайырлы таң балалар!*<br>*Аман Отан панамыз,* | *Қол ұстасып, дөңгеленіп,*<br>*Тұра қалдық екеуміз.*<br>*Өзіміз де дөңгелек*<br>*Күнге ұқсайды екенбіз* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Біз сүйкімді баламыз* | | | *Аман ата-анамыз,*<br>*Қайырлы таң балалар* | |
| Білімберуұйымыңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Ойын: «Ақ қоян». Шеңберде***<br>*Ақ қоян-ау, ақ қоян,*<br>*Орныңнан тұршы,*<br>*Бетіңді жушы,*<br>*Шашыңды тарашы,*<br>*Айнаға қарашы,*<br>*Қане бізбен дос болшы.*<br>*(Қоян қозғалмайды)*<br>*Балалар қоян көңілсіз сияқты, әлде ұйқысын аша алмай тұрма.*<br>*Қоянмен жаттығу залына барып бірге жаттығу жасайық. Қоян Алақай маған жаттығу жасаған ұнайды.*<br>***Денешынықтыру жоспары бойынша.***<br>*Балалар қоянның көңілін көтердік. Шапалақ.*<br>***Ой балалар қоян тағы көңілсіз болып қалды. Қане қоянды топқа апарайық.***<br>*Қоян менің достарым жоқ, сендердің бәріңнің достарың бар.*<br>***Менің сүйікті бұрышым. Шығармашылық ортада жұмыс.***<br>*Үлкен-кіші сәбіздер арқылы топқа бөлу.*<br>*1- топ Ұлкен қоян мүсіндейді.*<br>*2-топ кішкентай қоян мүсіндейді.*<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***<br>*1. Ермексазды* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Білмеспек шығады.*<br>*Дымбілмес: Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды. (Дымбілмес жылайды).*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Балалар қалай ойлайсыңдар.*<br>*-Дымбілмеспен неге ешкім дос болмайды?*<br>*- Сендердің достарың бар ма?*<br>*– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*-Достар қандай болу керек?*<br>*Балалар байқадыңдар ма Білмеспек амандасты ма сендермен?*<br>*Ендеше дымбілмеске достық туралы ән айтып берейік*<br>***Ән айту:*** *«Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек)*<br>*Е.Өтетілеуұлының «Көңілді балалар»*<br>***Ән соңында Дымбілмеске балалар тақпақ айту.***<br>*Жабырқауды білмейміз,*<br>*Жалқаулықты сүймейміз,*<br>*Біз талантты жас ұлан,*<br>*Үлгі аламыз жақсыдан.*<br>***Қоштасу.***<br>***Суретті альбомдар қарау.***<br>***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті»***<br>*Шарты: Қиынды суреттерді құрастыру арқылы суретшінің* | ***Әжемнің ертегісі.***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс***<br>***Үнтаспадан «Ертегілер елінде» әні ойнайды.***<br>*Көгілдір экраннан сиқырлы таяқша шығады, таяқша «Мен сиқырлы таяқшамын, менімен ертегілер еліне барғыларың келе ме?»*<br>***Балалар: Я.***<br>***Таяқша айналып кетеді.***<br>*Аюдың дауысы.*<br>***Тосын сәт****. Қонаққа үш аю шығады, амандасады.*<br>***Үш аю:*** *Сендерге өзіміз туралы ертегіні және ойындарымызды ала келдік. Біз ыдыстарымыз бен жиһаздарымызды шатастырып алдық, соны реттеуге көмектесесіңдер ме?*<br>*Балалар: Иә, көмектесеміз.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Ертегі желісін сурет арқылы түсіндіру.*<br>*-Неліктен үш аю деген?*<br>*Аюлар қандай?*<br>*Олардың ыдыстарының көлемі қандай?*<br>*-Олар қайда өмір сүреді?*<br>*-Маша аюлардың үйіне қалай барды?*<br>*-Ол үлкен ыдыстардан неліктен тамақ іше алмады?*<br>*Жиһаздарының пішіні,* | ***Тосын сәт:***<br>***Сылдырмақ даусы.***<br>*Балалар неге сылдырмақтар неге сылдырап жатқанын білесіңдер ма?*<br>*Олар сендермен бірге жаттығу жасағанды ұнатады.*<br>***Денешынықтыру***<br>*Даму жаттығулары сылдырмақпен.*<br>***«Көңілді сылдырмақтар»***<br>***Ой қозғау.***<br>*Дене шынықтыру жаттығуларына байланысты суретті альбомдар қарау.*<br>***Дид ойын: «Жаттығу заттарын ата»***<br>***Сұрақ –жауап.***<br>*Жаттығуды не үшін жасаймыз?*<br>*Қандай заттармен жаттығу жасаймыз.*<br>***Тосын сәт. Хат келу. Хатты оқу.***<br>*Құрметті балалар мен Суреттер әлемінің ханшайымымын. Суреттер әлемінен жаттығу құралдарын жасап, альбом құрастыру керек. Балабақшадағы барлық топтарға хат жолдадым. Балалар ендеше топқа бөлініп, жаттығу құралдарының суреттерін* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Телефон шырылдайды.*<br>*Құрметті менің кішкентай білімді ізбасарларым, мен сендерге сиқырлы пішіндер қорапшасы арқылы өзімнің білім әлемінен көптеген тапсырмалар жібердім. Осы тапсырмаларды орындап маған суретке түсіріп жіберіңдер, мен сендерге келесі үлкен топқа баруларыңды тексеремін.*<br>*Бұл білім ханшайымы*<br>*Есік қағылып қорапша келу. (қорапшаның сыртында үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек пішіндер конверт секілді жасап,, жай скочпен жабыстырп қою)*<br>***Ой қозғау. Сұрақ-жауап.***<br>*Қорапшаның сыртынан қандай пішіндер көріп тұрмыз?*<br>*Түстері қандай?*<br>*Үш бұрышты қораптан алу. Үш бұрыштың тапсырмасы.*<br>*Балаларды түстер арқылы топқа бөлу.*<br>***1-қызыл түс тобына тапсырма :***<br>*«Жақсы деген немене, жаман деген немене»*<br>*Шарты: сурет арқылы өз ойын жеткізе білу.*<br>***2- сары түс тобына тапсырма:***<br>***Дид ойын:*** *«Суреттер сөйлейді»*<br>*Шарты: Құстарға қамқорлық туралы өз ойын айту.*<br>***3- жасыл түс тобына тапсырма:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жұмсарту;*<br>*2. Бөлшектерге бөлу;*<br>*3. Бөлшектерді домалатып қоянның басын жасатып, шымшып екі құлағын жасау*<br>*Балалардың жұмыстарын жанама бақылау., креативтілік дағды.*<br>***Дид ойын: «Қоянның достары»***<br>*Балалардың жұмысын бағалау.*<br>*Қоянға достарын беру.*<br>***Сергіту сәті: Қоянмен бірге.***<br>*Ұзын құлақ сұр қоян,*<br>*Естіп қалып сыбдырды*<br>*Ойлы қырлы жерлермен*<br>*Ытқып ытқып секірді.*<br>*Қоянмен қоштасу.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар сендер қоян туралы ертегі білесіңдер ма?*<br>***Балалар : Бауырсақ.***<br>*Топтық жұмыс:*<br>***1-топ:***<br>***Дид ойын: «Ретімен қой»***<br>*Шарты: Ертегі желісіндегі кейіпкерлерді ретімен қоя білу.*<br>***2-топ:***<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>*Ертегідегі кейіпкерлерді қиынды суреттерден құрастырып ретімен қою Ертегі желісін түсіндіру.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>***Рольдік ойын: «Бауырсақ»***<br>***Көңілді шеңбер: Сергіту сәті музыкамен***<br>***Тосын сәт.Аудио дыбыс.***<br>*Құрметті балалар біз* | *қателескен жерін орныныа дұрыс қоя білу.*<br>***Тосын сәт.Аудио дыбыс. Күшіктің үрген даусы.***<br>*Күшік келеді. сендерден көмек сұрау үшін келіпті.*<br>*Күшіктің тұратын үйі жоқ екен. Не істейміз?*<br>*Көмектесіп,үйшік салып береміз бе?*<br>*Ал,сендер қандай үйде тұрасыңдар?*<br>***Суреттер топтамасын қарау.*** *Күшіктің үйшігі қандай болады? Қандай пішіндерден жасалған? Ит адамның досы деп неге айтқан?*<br>***Дид ойын: «Күшікке көмек»***<br>*Үйшік жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру..*<br>*Қауіпсіздік ережесімен таныстыру.*<br>***Сертгіту сәті.***<br>*Иіліп оңға бір,*<br>*Иіліп солға бір.*<br>*Денемізді дұрыстап,*<br>*Тұрамыз тік ұстап.*<br>*Балалар жұмыстарын жалғастырады.*<br>*Жеке көмек.*<br>*Күшік балалардың жасаған үйлеріне қуанып,қоштасады.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: Менің достарым***<br>***І.І. Ой дамыту.***<br>*«Достық неден басталады, достыққа не жараасады?»*<br>*Достар қандай болу керек?*<br>*Мейірімді, ақылды, қамқор,* | *көлемі қандай?*<br>***Топпен жұмыс:***<br>***Дид ойын: «Жиһаздар мен ыдыстар»***<br>***1-топ:*** *Ыдыстарды жапсыру.*<br>***2-топ:*** *Жиһаздарды құрастыру.*<br>***3-топ:*** *Трафарет арқылы аюларды бояу.*<br>***Ертегіні сахналау:***<br>***«Үш аю»***<br>***Аюлармен жаттығу жасау.***<br>***Тосын сәт***<br>***Үнтаспадан «Ертегілер елінде» әнінің жалғасы ойнайды.***<br>***Ой балалар бізге тағы қандай ертегі келе жатыр екен. Экраннан.***<br>*Сәлеметсіздер ме балалар. Мен Ертегі ханшайымымын. Менің ертегідегі досым, ертегі құсын жоғалтып алдым. Оны таба алмай жүрмін. Маған көмек керек.*<br>*Балалар ханшайымға көмектесеміз бе?*<br>***Ой дамыту.***<br>*-Ертегі құсы қандай болады?*<br>*-Олардың түсі неге құбылып тұрады?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Ал, балалар, тұрайық*<br>*Алақанды соғайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Біз тынығып алайық.*<br>***Үлгі көрсету түсіндіру.***<br>*Дәстүрден тыс әдіс –* | *бенелеп альбом құрастырайық.*<br>***Дид ойын: «Біз ептіміз»***<br>***1-топ: «Суретшілер»***<br>***Сылдырмақтың суретін трафарет арқылы бояу.***<br>***2-топ: «Мүсіншілер»***<br>*Допты мүсіндеу*<br>***3-топ: «Қол өнершілер»***<br>*Таяқшаны қағаз бетіне жапсыру.*<br>***4-топ «Құрлысшылар»***<br>*Гимнастикалық орындықты құрастыру.*<br><br>***Миға шабуыл.***<br>*Доптың пішіні қандай?*<br>*Түсі қандай?*<br>*Сылдырмақта неше пішін бар?*<br>*Түсі қандай?*<br>*Таяқша қандай пішін?*<br>*Қандай түсті таяқша жапсырдың?*<br>*Гим орындықтың пішіні қандай?*<br>***Альбом құрастыруға Телефонмен суретке түсіру.***<br>***Суреттер әлеміне жіберу.***<br>***Тақпақ «Доп»***<br>***Ернұр Сейдахмет***<br>*Асау тайдай тулайды,*<br>*«Гол!» - деп бәрі шулайды.*<br>*Жалықтырмас добымыз,*<br>*Қуып жүрміз оны біз.*<br><br>*Секең- секең етеді,*<br>*Ұшып, көкке жетеді.*<br>*Ойын құмар добымыз,*<br>*Қуып жүрміз оны біз.* | ***Дид ойын:*** *«Табиғаттың досы кім?»*<br>*Шарты: Табиғатты қорғау туралы өз ойын айту.*<br>***Төртбұрыштың тапсырмасы:***<br>***Ой дамыту.***<br>*«Достық неден басталады, достыққа не жараасады?»Достар қандай болу керек?Мейірімді, ақылды, қамқор, бірлікте.*<br>***Дид ойын: «Достық үйін құрастыру»***<br>***Шарты:*** *Балалар дамытушы ойындар арқылы үй құрастырып, өз ойларын айту.*<br>***1-топ Мейрімділік үйі.***<br>***«Пазл» арқылы үй құрастыру***<br>*Сипаттама беру. Әр бала айту.*<br>*Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп аталады.*<br>*Біз бір-бірімізге мейрімдіміз.*<br>*Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз*<br>*Мейрімділік үйі көңілді болады.*<br>*Дос деп ең жақын адамды айтамыз.*<br>***2 –топ. Ақылдылар үйі.***<br>***Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру.***<br>*Біз ақылды балалармыз*<br>*Бір –бірімізді ренжітпейміз*<br>*Бәрін ақылмен жасаймыз*<br>*Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық*<br>***3 – топ. Қамқоршылар үйі***<br>***Таяқшамен үй жасау.***<br>***Сипаттама.***<br>*Біз қамқор балалармыз.*<br>*Достарымызға көмектесуге дайынбыз*<br>*Достарымызбен барлығын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орманнан бауырсақты іздеп келе жатырмыз, біздің бауырсағымды түлкі алып кетіпті. Қоян сендермен дос екен, сендерді жақсы мейрімді балалар деген соң звондап жатырмын.<br>**Балалар:** Ата –мен әженің бауырсағын түлкі алып қашып кетті ғо. Қане түлкіден ата мен әжеге алып берейік.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.**<br>Дәстүрден тыс трафарет әдісі арқылы бауырсақты салу.<br>Бауырсақтың пішіні қандай? Түсі қандай?<br>Неліктен бауырсақ домалайды?<br>Балалардың жұмысы. Қадағалау.<br>**Дид : «Тәтті бауырсақ»**<br>Дайын бауырсақты себетке салып беріп жіберу.<br>**Тақпақ: Бауырсақ**<br>Апам мені пісірген,<br>Қызыл күрен бауырсақ.<br>Шықпай қояр түсіннен,<br>Біраз жемей сағынсақ.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім.**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру.<br>Қол бүйірде аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол бүйірде өкшемен жүру. | бірлікте.<br>Ендеше соны іспен көрсетейік**І.2. Қызығушылықты ояту.**<br>**Балаларды топқа бөлу, дамытушы ойындар.**<br>**Достық үйін құрастыру.**<br>**1-топ Мейрімділік үйі.**<br>**М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру.**<br>Сипаттама беру. Әр бала айту.Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп аталады.Біз бір-бірімізге мейрімдіміз.<br>Біз достарымызды қиындыққа тастамаймызМейрімділік үйі көңілді болады.Дос деп ең жақын адамды айтамыз.<br>**2 –топ. Ақылдылар үйі.**<br>**Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру.**<br>Біз ақылды балалармыз<br>Бір –бірімізді ренжітпейміз<br>Бәрін ақылмен жасаймыз<br>Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық<br>**3 – топ. Қамқоршылар үйі**<br>**Таяқшамен үй жасау.**<br>**Сипаттама.**<br>Біз қамқор балалармыз.<br>Достарымызға көмектесуге дайынбыз. Достарымызбен барлығын бөлісеміз<br>Достарымызға жақсылық жасаймыз<br>**4 – топ. Бірлік үй.**<br>«**Пазл» арқылы үй құрастыру**<br>Біз бір-бірімізді тыңдаймыз<br>Біздер ренжісуді білмейміз<br>Біз ештеңе қызғанбаймыз<br>Достарымызды сыйлаймыз<br>**ІІ. Ой қозғау.** | тәсілдер арқылы сурет салу және мүсіндеу.<br>**Дид ойын:«Біз суретшіміз»**<br>**Топқа бөліну.**<br>**1-топ:**Трафарет арқылы мақта таяқшасымен ертегі құсын бояу.<br>**2-Топ:** Дайын картонға салынған құстың үстінене ермексазды жағу.<br>Балалардың жұмысына бақылау жасау.<br>Балаларды мадақтау<br>**Ханшайымға суретке түсіріп жіберу.**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап,<br>Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың ішімен жүру.<br>Шеңбер бойымен жай жүру .<br>1 сапқа тұру.<br>Саптан 4 лекке (колонна) тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Б.қ.: «Маса ұшты»**<br>**1.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту. /5- рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Қақпа»** | **Музыка**<br>**Тақырыбы: Менің сүйікті достарым**<br>Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>**Педагог:** Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?<br>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау.<br>«Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу.<br>Сендер өздеріңді қай кезде бақытты санайсыңдар?<br>Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?<br>**Дауыс жаттығулары:**<br>«Телқоңыр» (Сүгір).<br>«Телқоңыр» күйінің негізгі | бөлісеміз<br>Достарымызға жақсылық жасаймыз<br>**Сергіту сәті:** Музыкамен .<br>Енді біз демаламыз,<br>Айналаны шоламыз.<br>Қол –аяқты кезекпен,<br>Оңға-солға созамыз.<br>Күн шыққанда сүйсініп,<br>Бәйшешектей иіліп,<br>Біз тынығып аламыз.<br>Жиі-жиі жаттығып,<br>Үлкен кісі боламыз<br>**Дөңгелектің тапсырмасы.**<br>**Миға шабул:**<br>**Пед жет ойын: «Не істеуге болмайды?»**<br>1.Үлкендердің алдынан.....(кесіп өтуге болмайды)<br>2.Кішкентай баланы.....(жылатуға)<br>3.Құстарды........(атуға болмайды)<br>4.Қыз баланы.......( ренжітугеболмайды)<br>5.. Досыңды.......(ренжітугеболмайды)<br>**Дид ойын: «Не істеукерек?»**<br>1.Үлкен кісіні.......(сыйлау керек)<br>2.Үлкеннің тілін....(алу керек)<br>3.Үлкендерге.....(сәлем беру керек)<br>4.Кішілерді....(қамқорлау керек)<br>5.Ата-ананың айтқанын.....(тілін алу,тындау керек)<br>6.Көлікте өзіңнен үлкен адамға...(орын беру.)<br>8. Абайсызда көршіңді немесе досыңды ренжітіп алсаң........(кешірім сұрау керек)<br>**Тақпақ . Атам маған әрқашанда,**<br>**Кішіпейіл бол деген,**<br>**Атасөзімсанамда,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қарлығашқа ұқсап ұшу. (қолды жанға созу.)*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру.*<br>*Саптан 4 лекке (колонна) тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Б. қ: «Оң-сол »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ , қолдары белде. басты оң иыққа қисайту иықты көтермеу керек , басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)*<br>***Б. қ.: «Шеңбер»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ , қолдары иықта. 1-4 қолымызды шеңбер бойынша алдыға қарай айналдырамыз. 5-8 – қолымызды шеңбер бойынша артқа қарай айналдырамыз. /5 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Бұйрықты орында»***<br>***3.*** *Аяқтары алшақ , қолдарымыз басымызда. 1-оң жаққа еңкею, 2- б.қ.*<br>*3 – сол жаққа еңкею, 4-қолымызды алдыға созып, отырамыз. 5 – б.қ. /5-6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Шам жағу »***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ , қолдарымыз жанда. 1-қолымыз басымызда, 2-қолымыз жоғары, оң аяғымызды артқа қойып, өкшемізді көтереміз, бүгеміз. 3- оң аяғымызды қоямыз, қолымыз басымызда. 4- б.қ. Сол аяқпен де дәл солай* | ***Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру***<br>*Балалар достық әлемінде қандай құнды қасиеттермен таныстық?*<br>*- Дос көмекші,дос қамқоршы*<br>*- Достықадамдар арасында болады.* | ***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. 1-шынтақты артқа созу,*<br>*2- шынтақты беттестіру. /5-6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шапалақ»***<br>***3.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар белде. 1- алдыға еңкею, 2- қолдарды шапалақтау. 3- артқа шалқаю, 4- шапалақтау . /5-6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Күнге жетемін»***<br>***4.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар белде. 1- қолымызды екі жаққа созамыз. 2- өкшемізді көтеріп, қолымызды жоғары көтеремізде созыламыз.*<br>*3 -б.қ. /5-6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шапалақ»***<br>***5.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдар белде. 1- тізені бүгіп отырады, 2- орныныан тұрып шапалақтайды. 3- б.қ. (5-6 рет қайталау)*<br>***Б.қ.: «Биші аяқтар»***<br>***6.*** *Аяқтарын біріктіру, қолдар белде. 1- оң аяқты жанға созу, 2- б.қ.; 3-сол аяқты жанға созу, 4- б.қ.; /5-6 рет қайталау./*<br>*4 лектен (колонна)1 саппен шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып,*<br>*ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.* | *әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.*<br>***Ән айту:*** *«Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.* | ***Жасыүлкенгежол берем***<br>***Сұрақ – жауап***<br>*Бізге Білім ханшайымы не жіберді?*<br>*Түстері қандай ?*<br>*Сізер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар*<br>*Жарайсыңдар балалар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қайталау. / 5-6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Құлын»***<br>***5.** Аяқтарды біріктіріп ұстау, орында тұрып, қолды шынтаққа дейін бүгіп, тізені барынша биік көтере жүгіру .*<br>***Б. қ.: «Бұршақтар»***<br>***6.** Аяқтарды біріктіріп ұстау, қолдар белде, орында тұрып алға, артқа, оңға, солға секіру . /15-20 секунд/*<br>***Қорытынды:***<br>*4 лектен (колонна)1 саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл –қозғалыс жаттығулары***<br>***1.«Көпірде».*** *Жолды шнурлардан немесе рельстерден (ені 15 см) салады. Педагог балаларды тұрақты тепе-теңдікті және дұрыс қалыпты сақтай отырып, қол белде, аяғының ұшымен жүруге шақырады*<br>***2. «Пингвиндер».***<br>*Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Әркімнің қолында бір дорба бар. Педагогтің белгісі бойынша балалар сөмкені тізе арасына қысып, шеңбер бойынша екі аяқпен секіреді (балалар арасындағы қашықтық бір-біріне кедергі келтірмеуі үшін кемінде 0,5 м болуы керек). Алдымен* | | ***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Секіру -*** *екі аяқпен секіру («объектіге жету»). Қатарынан 4-6 секіру орындалады, содан кейін кідіріс және педагогтың белгісі бойынша қайта секіреді*<br>***2. Кішкентай допты (диаметрі 6-8 см) екі қолмен жоғары лақтыру.***<br>*Лақтыруды орындау кезінде педагог балалардың назарын аяқтардың бастапқы орналасуына аударады: аяғы бөлек, доп оның алдында бүгілген қолында. Доптың ұшуын бақылап, оны кеудеге баспауға тырысыңыз*<br>***Қим ойын: Картотека № 1«Доп қуу »***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *секірулер бір бағытта орындалады, содан кейін тоқтайды, бұрылады және тапсырма қайталанады*<br>***Қимылды ойын:***<br>***«Ұстап алушылар» ойыны (ленталармен).*** *балалар шеңбер бойымен құрастырылған; әрқайсысында белдің артқы жағына бекітілген түрлі-түсті лента бар. Шеңбердің ортасында қақпан бар. Педагогтың белгісі бойынша: «Бір, екі, үш - ұста!» - балалар ойын алаңының айналасына шашырайды. Ұстаушы лентаны біреудің қолынан тартып алуға тырысып, ойыншылардың соңынан жүгіреді. Педагогтың белгісі бойынша: «Бір, екі, үш - шеңберге тез жүгір!» - барлығы шеңбер бойымен тұрады. Педагог лентаны жоғалтқандарға, қолдарын көтеруді ұсынады және оларды санайды. Ұстаушы ленталарды балаларға қайтарады, ал ойын жаңа жүргізушімен қайталанады.* | | | | |
| Серуенгедайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет.***<br>***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсін жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Жәндіктерді бақылау.* |
| | ***Серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуенненоралу | ***Үнемді тұтыну. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен жудыру,өз  сүлгілеріне  сүртінулерін  талап  ету, ұқыптылыққа, тазалыққа  тәрбиелеу*<br>*Балаларға  реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне  киімін жинап таза ұстауды,  су болған  киімдерін тәрбиешіге  көрсетуге  үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.  Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскіас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын,  ас құралдарын қолдану дағдыларын  жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары | ***№9*** *1. Ояту*<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында  созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***№10****1.Ояну*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Терезеге қарап*<br>*Күн жылуын алайық.* | ***№10*** *1.Ояну*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Терезеге қарап*<br>*Күн жылуын алайық.* | ***№11*** *1. Ояну*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, кунап алайық*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық* | ***Жаттығу кешені №13.***<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде  қауіпсіздік шараларын    түсіндіру.***<br>***«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет.***<br>***Ұйқы  ашар жаттығу картотекасы қосымша тіркелген.*** | | | | |
| Бесінас | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту,  ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге  дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуә рекеті,кітапқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Ой дамыту.***<br>***Сұрақ-жауап***<br>*Балалар осы күн бізге не үшін керек?*<br>*Егер күн болмаса   мына гүлдер, шөптер  өсеме?*<br>*Күн маған да саған да керек екен.*<br>*Олай болса  күн туралы ертегі еліне саяхат жасайық.*<br>*-Ертеде аспанда Күн сәулесі өмір сүріпті. Күн сәулесі аспанда жалығып, жер бетіне түсуді ойлайды. Жерге түсіп, жылаған гүлді көріп, оған жылуын сыйлайды. Гүл қуанып, күлімсіреп, рақметін айтады.*<br>*Ұшып бара жатып, қанатын сулап алып ұша ламай жүрген аарны көреді, шуағымен қанатын кептіріп, араның ұшуына көмектеседі. Ара да оған ризашылығын білдіреді.*<br>*Тағы ұшып келе жатып, солып қалған гүлдердің арасынан шыға ламай жатқан көбелекті көреді.* | ***Ой қозғау.***<br>***Дид ойын:  «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»***<br>*- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу*<br>*- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау*<br>*- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту*<br>*- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?*<br>*- Құстарға қалай көмектесеміз?*<br>***5. Ширату.«Құм, тас, су».***<br>*«Құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру.*<br>*«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.*<br>*Су дегенде толқын жасап қалу.*<br>***Түсініктеме***<br>*-Ауаны жұтамыз* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Саусақ жаттығуы: «Дос болайық»***<br>*Торғайлармен  дос болайық*<br>*Көңілдірек қанекей.*<br>*Жем береміз,  бәріміз.*<br>*Егер жаңбыр  жауа қалса,*<br>*Тығыламыз бәріміз.*<br>*күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз.*<br>***Ой дамыту***<br>***-Күн туралы түсінік беру.***<br>*-Сұрақ – жауап*<br>*-Күннің түсі қандай?*<br>*–Күннің  шуағы деген  не?*<br>***2.Жұмыс жасаудың  әдіс – тәсілін  түсіндіру, көрсету***<br>***Дид ойын: «Қандай  пішін»***<br>*Ұжымдық  жұмыс  жасау.*<br>*Үлкен форматта  ортаға салынған  дөңгелек пішінге, бояуға  алақан саусақтарды батыру  арқылы күннің* | ***«Отбасы аялдамасы»***<br>*- Балалар отбасы деген не?*<br>*- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/*<br>*-Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.*<br>***Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату.***<br>***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»***<br>***1-бала:****Айтшы білсең егер де,*<br>*Бақыт деген не?*<br>***2-бала:*** *Бақыт деген, шырағым*<br>*Мынау әсем тұрағың.*<br>*Ну ормандар, гүл бағы,*<br>*Күннің күліп тұрғаны*<br>*БАҚЫТ- дәні даланың.*<br>*«Ботам» деуі әженің,* | ***«Менің әлемім»***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ*** *Өзіне ұнаған суретті іріктеп алып, «Мен және менің жақындарым» тақырыбында коллаж құрастыру.*<br>***2- топ*** *Құрлымдалған  ойын: Қима суреттерден үйдің суретін құрастыру.*<br>*Сипаттама беру. Балабқша, үй, ғимараттар туралы әңгіме құрау. Мыс: менің анам мына ғимаратта эжұмыс жасайды т.б.*<br>***Отан»  Ж. Әбдірашев.***<br>*«Отан – әжем, Отан-анам!»*<br>*«Туған ел!» деп,*<br>*«Туған жер!» деп,*<br>*Ол бекерге аталмаған...*<br>*Атам,Әжем,Әкем,Анам – Төртеуі де  «Отан!» маған.*<br>*Төртеуі де  «Ботам!» дейді,*<br>*«Ер азамат атан!» дейді ...*<br>*Мақтанамын Отаныммен,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Гүлдерге сәулесін түсіреді. Олар бастарың көтергенде олардың арасынан көбелек ұшып шығады. Көбелек күн сәулесіне рақметін айтады.<br>Күн сәулесі қиын сәтте басқаларға көмектескеніне өзі риза болады.<br>Күн сәулесі табиғат пен адамзатқа өз шуағы мен жылуы қажет екенін түсініп, аспанға орнына барады.<br>Сендерге ертегі ұнады ма?*<br>***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде*** | *-Күн жылуын, жарығын береді.<br>-Жер ана бізді азықпен қамтамасыз етеді?<br>-Сусыз тіршілік жоқ<br>-Ағаш айналаға көрік береді, көлеңкесін тосады.*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: Менің сүйікті достарым***<br>*Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка ойналғанда жеңіл жүгіреді. Шаттық шеңберін жасап, алақандарын тигізіп, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.*<br>***Педагог:*** *Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-біріңмен доссыңдар ма?<br>«Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда ата-аналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар.*<br>***Музыка тыңдау:***<br>*«Балалардың бақыты» (муз. Б. Әлімжан, сөзі С. Мәуленов). Әнді тыңдай отырып мазмұны не туралы екенін сұрау. «Бақыт» деген сөздің айналасында балалармен пікірталас жүргізу.<br>Сендер өздеріңді қай кезде* | *шуақтарын салу<br>Қадағалау, көмектесу*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>*Шарты: қызығушылықтарын дамыту мақсатында балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру,*<br>***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде*** | *Тыныштығы әлемнің.*<br>***3-бала:*** *Қайда бақыт мекені,<br>Қалай оған жетеді?*<br>***4- бала:****Адал еңбек етесің<br>Сонда ғана жетесің.*<br>***Сезім:*** *Көрінбейтін көзіңе,<br>Сонда оның өзі не?*<br>***5- бала:****Бақыт деген, сөзім шын<br>Айналайын, өзіңсің!*<br>***Қортынды:*** *Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз.*<br>***Ұлттық құндылық негізінде.*** | *Отаныма «Ботаным!» мен*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап,<br>Қол бүйірде, аяқтың сыртымен жүру.<br>Қол бүйірде, аяқтың ішімен жүру.<br>Шеңбер бойымен жай жүру .<br>1 сапқа тұру.<br>Саптан 4 лекке (колонна) тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Б.қ.: «Маса ұшты»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту. /5-рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Қақпа»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. 1- шынтақты артқа созу,<br>2- шынтақты беттестіру. /5-6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шапалақ»***<br>***3.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар белде. 1- алдыға еңкею, 2- қолдарды шапалақтау. 3- артқа шалқаю, 4- шапалақтау . /5-6 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Күнге жетемін»***<br>***4.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар белде. 1- қолымызды екі жаққа созамыз. 2- өкшемізді көтеріп, қолымызды жоғары* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *бақытты санайсыңдар? Ән көңілді ме әлде көңілсіз бе? Қандай екпінде айтылып отыр?*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Телқоңыр» (Сүгір). «Телқоңыр» күйінің негізгі әуенін «да» буынында орындау. Жақ сүйектері еркін қимылдайды, ауызды кең, дөңгелете ашады.*<br>***Ән айту:*** *«Достасайық бәріміз». (сөзі мен муз. жазған Т. Бейсембек) Педагог әнді таныстырып болған соң, әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді. Достық туралы, достары туралы балалар ойларын ортаға салады.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:*** *«Соқыртеке» (муз. А. Тани, сөзі А. Естенов). Әуен мен мәтінді дұрыс айта жүріп қимылдар жасау. Балалардың қалауы бойынша импровизация жасау, өңдеу, әрлеу.*<br>***Ой қозғау.*** *Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Бұл суреттен не көріп тұрсың? Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер.*<br><br>***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде*** | | | *көтеремізде созыламыз.* *3 -б.қ. /5-6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шапалақ»***<br>**5.** *Аяқтарын біріктіру. Қолдар белде. 1- тізені бүгіп отырады, 2- орныныан тұрып шапалақтайды. 3- б.қ. (5-6 рет қайталау)*<br>***Б.қ.: «Биші аяқтар»***<br>**6.** *Аяқтарын біріктіру, қолдар белде. 1- оң аяқты жанға созу, 2- б.қ.; 3-сол аяқты жанға созу, 4- б.қ.; /5-6 рет қайталау./ 4 лектен (колонна)1 саппен шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Секіру*** *- екі аяқпен секіру («объектіге жету»). Қатарынан 4-6 секіру орындалады, содан кейін кідіріс және педагогтың белгісі бойынша қайта секіреді*<br>***2. Кішкентай допты (диаметрі 6-8 см) екі қолмен жоғары лақтыру.*** *Лақтыруды орындау кезінде педагог балалардың назарын аяқтардың бастапқы орналасуына аударады: аяғы бөлек, доп оның алдында бүгілген қолында. Доптың ұшуын бақылап, оны кеудеге баспауға тырысыңыз*<br>***Қим ойын: Картотека № 1«Доп қуу »***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды шапшаң* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.*<br><br>***Ұлттық құндылық негізінде.*** |
| Балалармен жекежұмыс | ***Дид ойын:***<br>***«Өзім және отбасым»***<br>***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.* | ***Дид ойын: «Құстар біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға қамқорлықпен карауды біледі.* | ***Дид ойын:***<br>***«Нан дастарханға қалай келеді?»***<br>***Мақсаты:*** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді.* | ***Дид ойын:***<br>***«Суретші қай жерде қателесті?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады.* | ***Дид ойын***<br>***«Әдемі гүл»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады.* |
| Серуенгедайындық | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Жәндіктерді бақылау.* |
| | ***«Еңбегі адал жас өрен» - серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру. Табиғатқа қамқорлық таныту.***<br>***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың Үйге қайтуы | ***«Өнегелі 15 минут»***<br>***Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің көшеде, үйде қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.*<br>*Балалардың үйге қайтуы.* | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.*<br>*Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.*<br>*Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..*<br>*Балалардың сұранып үйге қайтуы* | *Ана – аналармен әңгімелесу.*<br>*Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу.*<br>*Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* |

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

Білімберуұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Ересек

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 16.09 – 20.09.2024ж

| Күнтәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | ***Күй күмбірі –ұлттық өнерді балаға дәріптеу.*** *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру | ***Өнегелі -15 мин -ата-аналармен баланың мінез-құлық дағдылары туралы әңгімелесу.*** *Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы сұрау.* *Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Картотека №7*** ***«Нан дастарханға қалай келеді?»*** ***Мақсаты:*** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* | ***Картотека №10*** ***Жер,су,ауа*** ***Мақсаты:*** *балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде , ауада, суда не болатыны дұрыс айтуға төселдіру,қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу* | ***Картотека №12*** ***«Гүлдерді күтеміз»*** ***Мақсаты:*** *балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* | ***Картотека №9*** ***«Үй жануарлары»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер, оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.* | ***Картотека №17*** ***«Жыл атасы»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі?* |
| | ***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | *Қыркүйек айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | ***Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру.*** *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.* ***Қауіпсіздік ережелері - қауіпсіздік ережелерін ескерту.*** *Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | *Аспан ашық , көгілдір,*<br>*Күн шуағын төгіп тұр*<br>*Қол ұстасқан біздерді*<br>*Тереземенн көріп тұр.* | *Күнім күліп арайлы,*<br>*Тереземенн қарайды.*<br>*Достарыммен шеңберге,*<br>*Тұрғанымды қалайды* | *Көк аспанда күн күлсін*<br>*Бірге күлсін бүлдіршін.*<br>*Көк аспанда кү.н күлсін*<br>*Жерге ұдайы нұр құйсын.* | *Күн нұрындай көңілім,*<br>*Даламдай кең пейілім.*<br>*Жүрегім толы мейірім,*<br>*Бәріне ортақ шуағым,* | *Біз гүлдерше өсеміз,*<br>*Жапырағы жайқалған.*<br>*Сабақтары салалы,*<br>*Желмен бірге жайқалған.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қайырымды боламын. | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдас тырылған іс-әрекет | **Ғажайып сәт.**<br>Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>Сәлеметсіздер ме!<br>Қуыршақтар хат алып келеді.<br>Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті).<br>Қандай керемет, мына суретте кім бар?<br>Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді.<br>**Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).**<br>Ә-ә-ә – әже<br>Ә-ә-ә – әке<br>І-і-і- іңің – сің-лі.<br>**Ой дамыту.**<br>Суретті сипатта.<br>Отбасы мүшелері не істейді? Өз отбасың туралы әңгіме құра.<br>**«Ой шақыру» әдісі.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**АКТ технол** Слайд<br>– Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>-Суреттегі балаға ат қойыңдар.<br>-Қай баланың ісі сендерге ұнады?<br>– Осы суреттен не байқадыңдар?<br>-Қай балаға ұқсағың келеді? | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>АКТ технологиясымен жұмыс. Әже шығады.<br>Ұлттық құндылық әдептілік,қамқорлық<br>**Әңгімелесу.**<br>Қандай жылы, әдепті сөздерді білесіңдер?<br>Әдепті балалар қандай болады?<br>Әдептілік дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**«Әдепті баламыз» өлеңі**<br>Сыйлап үлкен ағаны<br>Сәлем берген баланы<br>Кім дейміз?<br>Әдепті екен бұл дейміз.<br>Кітап, дәптер, қаламы<br>Кір шалмаған баланы<br>Кім дейміз?<br>Ұқыпты екен бұл дейміз.<br>Таудай биік талабы<br>Жақсы оқитын баланы<br>Кім дейміз?<br>Үлгілі екен бұл дейміз.<br>**Сергіту сәті**<br>Досым, досым жан досым,<br>Неге сонша шаршадың.<br>Кане ұста қолымнан,<br>Секір, секір, секіріші,<br>Бір серігін аларсың!<br>**Дид ойын: «Жалғастыр»**<br>**Шарты: «Не істеуге болмайды?»** жалғастырады.<br>1. Үлкендердің алдын -<br>2. Кішкене баланы -<br>3. Құстарды -<br>4. Қыз баланы -<br>5. Құстың ұясын -<br>6. Үйге жүгіріп – | **Балалар шеңбер бойымен тұрып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтады.**<br>**Ғажайып сәт.**<br>Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br>–Сәлеметсіздер ме?!<br>**Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақырады.**<br>Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды.<br>Ұлттық құнылық отбасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Бірінші тапсырма:** Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау.<br>Атам, әжем, Әкем, шешем.<br>Әпкем, сіңілім,<br>Ағам, інім және мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>**Екінші тапсырма:**<br>Отбасы туралы қандай мақал білесіңдер?<br>Балалар мақалдарды естеріне түсіреді.<br>Отан отбасынан басталады.<br>Баланың бас ұстазы – ата-ана.<br>Інісі бардың – тынысы бар,<br>Ағасы бардың – жағасы бар.<br>**Үшінші тапсырма:** Отбасымен түскен суреттер, фото альбоммен жұмыс. Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды және сөздерден сөйлем құрайды.<br>Мынау – менің отбасым. Мынау – ата. Атамның аты | **Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.**<br>-Сәлеметсіздер ме?!<br>Өткен тақырыпты қайталау.<br>**Ойын «Кім көп біледі?»**<br>Мазмұны: балалардың әрбір айтқан сөз, сөйлеміне фишка беріледі. Соңында фишкалар саналып, жеңімпазды анықталады.<br>-Қандай мамандықтарды білесіңдер? (Ғарышкер, құрылысшы, сатушы, дәрігер)<br>-Балабақшада кімдер жұмыс істейді? (Тәрбиеші, аспаз, мейірбике т.б)<br>-Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып жұмыс істейді? (Менің әкем – дәрігер).<br>**Педагог:** Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер?<br>**Қазір бәріміз жағдаят шешейік. 1-жағдаят:**<br>Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.<br>-Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?<br>Балалар жауап береді.<br>**2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.**<br>-Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не | **Ғажайып сәт:**<br>**Ақ көгершін ұшып келеді.**<br>Сәлеметсіз бе балалар?<br>Мені табиғат-ана жіберді.<br>Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар! Бала үні.<br>**2.1. Табиғат ананың хатын оқу.**<br>Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі.<br>Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келіп хат жолдадым, Табиғат ананың тапсырмасын орындау<br>**3. Ой дамыту. АКТ технологиясымен жұмыс.**<br>- Балалар табиғат дегеніміз не?<br>- Табиғат нешеге бөлінеді?<br>Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде?<br>**4.Ой қозғау**<br>**Экологиялық тәрбиені қалыптастыру.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»**<br>- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу<br>- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау<br>- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту<br>- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?<br>- Құстарға қалай көмектесеміз?<br>**5. Ширату.«Құм, тас, су».**<br>«Құм» дегенде әр жерде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Не үшін ол балаға ұқсайсың?<br>**Дид ойын: «Жақсы деген немене, жаман деген немене »**<br>Кітап бұрышына саяхат<br>Суреттер қарау.<br>Әдептілік туралы өз ойларын айту.<br>**Ой дамыту.**<br>Ұлттық құндылық әдептілік,қамқорлық<br>**М.Төрежановтың «Қамқорлық» әңгімесін оқып, түсіндіру.**<br>**Ашық сұрақтар әдісі**<br>Әңгіме не туралы?<br>-Нақысбек қандай іс істеді?<br>-Оның істегені неге дұрыс деп ойлайсыңдар?<br>-Назымбек Нақысбекке неге көмектеспеді?<br>-Сендер олардың орнында болсаңдар не істер едіңдер?<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз кішкентай баламыз,<br>Өніп өсіп толамыз.<br>Күнге қарай талпынып,<br>Көкке қолды созамыз.<br>Қанат қағып ұшамыз,<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br>**«Ыстық доп» әдісі арқылы қорытындылау.**<br>**«Кімнің іс-әрекеті саған ұнады?»**<br>**Шығармашылық бұрыш**<br>**Балаларды топқа бөлу.** | **Дид ойын: «Топтастыр»**<br>Шарты: Суреттерді құрастыру арқылы жақсы, жаман суреттерді топтастыру<br>**Ыстық орындық**<br>**Дид ойын: «Әдепті сөздер»**<br>Балалар отырып бір біріне әдепті сөздер айтады.<br>**Қ. Мырзаалиев.**<br>**«Не үшін керек» өлеңді мәнерлеп оқып беру.**<br>Екі құлақ не үшін керек?<br>Жақсы сөзді есту үшін.<br>Екі көзін не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі қолын не үшін керек?<br>Еңбек ету үшін керек?<br>Еңбек ету үшін керек<br>Екі аяқ не үшін керек?<br>Отаңына қызмет ету үшін керек.<br>**Өлең мазмұны арқылы сұрақ –жауап.**<br>**Шығармашылық топ**<br>Балаларды топқа бөлу<br>Өз еркімен жұмыс<br>Крастыру, мүсіндеу, жапсыру<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: Біздің ойыншықтар**<br>**І.І. Қызығушылықты ояту.**<br>**Шеңберде.**<br>**Өлең оқу. «Ойыншықтар»**<br>**Н. Әлімқұлов.**<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау қозы құлыншақ<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Емес олар ұрыншақ.<br>Қуыршақтар ұйықтайды, | Атам теледидар көреді.<br>Мынау – менің әжем. Әжемнің аты<br>Әжем ән айтады.<br>Мынау – менің әкем. Әкемнің аты<br>Әкем ойыншық берді.<br>Мынау – менің анам. Анамның аты<br>Анам тамақ пісіреді.<br>Біз тату тұрамыз.<br>**Төртінші тапсырма:** Диалог құру. Сұрақтарға жауап беру.<br>Балалар бір-біріне сұрақтар қояды.<br>–Сенің ағаң бар ма?<br>–Ағаңның аты кім?<br>–Сенің әпкең бар ма?<br>–Әпкеңнің аты кім? т.с.с<br>**Бесінші тапсырма.**<br>**Дидактикалық ойын: «Тыңда, есте сақта, қайтала».**<br>Қуыршақ Сәуле сан тіркесімен отбасы мүшелерін айтады, балалар тыңдап алып, қайталаулары керек.<br>Мысалы: менің 2 әжем,<br>1 атам, анам, 3 інім бар.<br>**Сергіту**<br>Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз.<br>Уықтарша иіліп,<br>Шаңырақты көтеріп,<br>Қазақ үйді құрамыз.<br>**Дид ойын: «Ата, әжеме сыйлық»**<br>**Еркін жұмыс**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. | айтасың?<br>-Мен кешірім сұраймын.<br>-«Кешір» деген сөзді айтамын.<br>-Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды.<br>Өнегелі-15мин<br>**Ойын: «Ғажайып сөздер»**<br>-Сәлеметсіз бе?<br>-Өтінемін.<br>-Рақмет, рақ-мет.<br>-Кешіріңіз.<br>Балалар жаңа сөздерді қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады).<br>Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-өөті- не-мін, өтінемін.<br>І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз<br>**Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»**<br>**Шарты: Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз.**<br>Қай жауабы дұрыс?<br>Апаң сенің базардан<br>Алма сатып әкелді.<br>Ең үлкенін, жақсысын<br>Саған таңдап әперді.<br>**Не деп айтып жеу керек?**<br>«Рақмет, апа!» – деу керек.<br>Балалар жүр көшеде,<br>Естілді шу-айғай.<br>Сен де шықтың досыңды,<br>Қағып кеттің байқамай.<br>**Не деу керек?**<br>**Жеке жұмыс** жүргізу.<br>Ойын «Сұраққа жауап бер».<br>Сен әдепті баласың ба?<br>Иә. Мен әдепті баламын. | шашыранқы болып отыру.<br>«Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.<br>Су дегенде толқын жасап қалу.<br>**Топтық жұмыс**<br>Құрлымдалған ойын: «Өлі және тірі табиғат»<br>**1-топ:** Қима суреттерден тірі табиғатты құрастырып, атау.<br>**2-топ:** Өлі табиғатты дөңгелектің ішіне жапсыру.<br>Жасаған жұмыстарын Табиғат анаға түсіріп жіберу.<br>Тосын сәт. Аудио Телефоннан Табиғат ана сендердің қамқорлықтарыңызды көріп риза болып тұрмын.Рақмет сендерге.<br>**Шапалақ әдісі.**<br>**Эксперимент жұмыстар**<br>**Топырақты зерттеу.**<br>**Міндеттері:** балаларды жансыз заттарды (топырақ, құм, саз) зерттеуге қызығушылығын арттыру; ауаның қасиеттерін анықтау үшін эксперименттік әрекеттерді тәуелсіз пайдалануға ықпал ету;<br>**Ресурстар:**қалыптар, су шелектері, күректер, таяқшалар, ұлғайтқыш әйнек.<br>**Мазмұны:** күннің топырақты жылытуына назар аудару<br>- топырақ көктем мезгілінде күн жылуымен босап, өз қалпына келеді<br>. Бірінші жасыл шөп жерді жарып өтеді. Таңертең салқын, күндіз жылы болады. Қар толығымен еріген күнде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1-топ:**<br>Жақсы әдеттерді Үлкен ағашқа жапсыру<br>Жаман әдеттерді ағып жатқан суға жапсыру.<br>**2-топ:**<br>Адамдарға пайдалы табиғатты құрастыру. (орман, су, күн, гүл, құс)<br>**3-Топ:**<br>Күн шуағымен мүсіндеу.<br>Бәрі бірге<br>Жылы-жылы жүзбенен<br>Күлімдейін қарайын<br>Жылы-жылы жүзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен көрсетілген бағыт бойынша бірінен кейін бірі жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру.<br>Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру.<br>Саптан 4 лекке (колонна) тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Келісу»** | Айтқанымнан шықпайды<br>Бұзау, қозы, құлыншақ,<br>Маған қабақ шытпайды.<br>**Сұрақ - жауап**<br>Өлең не туралы айтылған?<br>**І.2. Ой қозғау.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?<br>-Ойыншықтар неден жасалады?<br>-Неден жасалған ойыншықтар қатты болады?<br>-Қандай ойыншықтар жұмсақ болады?Неліктен?<br>**2. Ой дамыту бағыты.**<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ. Дьенеш блоктарымен жұмыс.**<br>Дид ойын: «Кім жылда?»<br>Ойыншықтар құрастыру.<br>**2-топ. Миға шабул**<br>Сұрақ- жауап.<br>Ойыншықтар неден жасалады?<br>Қандай ойыншықтар тез сынады?<br>Қандай ойыншықтар ауыр болады?<br>Қандай ойыншықтар жеңіл болады?<br>**3- топ. Шығармашылық топ.** Дидактикалық ойын: «Қандай түс?»<br>Берілген ойыншықтарды бояу.<br>**4-топ. Мнемотехникамен жұмыс.**<br>-Мнемокесте арқылы ойыншықтарға сипаттама беру. | Шеңбер бойымен көрсетілген бағыт бойынша бірінен кейін бірі жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.<br>Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол жанда, өкшемен жүру.<br>Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру.<br>Саптан 4 лекке (колонна) тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Б.қ.: «Келісу»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Басты жоғары-төмен бұру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Робот»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, қолдары жанда. Қолдарын алдыға –артқа сермеу және аяқтарын түзу ұстап бір орында жүру. /6 рет қайталау. /<br>**Б.қ.: «Қақпа »**<br>**3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан - солға, солдан - оңға қарай бұру. /6 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Жіп орағыш»**<br>**4.** Тік тұрады, аяқты сәл бүгіп, қолды тізеге тигізеді, тізені жан - жаққа айналдырады. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Балапан су ішті»**<br>**5.** Аяқтарын біріктіріп ұстайды. Қолды жанға қойып алақанды жайып, балаланның қанатын жасайды. 1- алдыға | Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?<br>Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын<br>**Шығармашылық топ**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ: Әжеге көмектесу суреті**<br>Суреттеі құрастыр, өз ойыңды айт.<br>**2-топ: Көбелекті гүлге қондыр.**<br>Гүлге көбелектерді жапсыру<br>Өз ойыңды айт.<br>**3-топ.Анама гүл сыйлаймын**<br>Гүлді мүсіндеу.<br>Не үшін сыйлайсың, өз ойыңды айт<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:«Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)**<br>**Әуенді –дидактикалық ойын**: **«Әуенді сағат»** ойналады.<br>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді.<br>Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады.<br>Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.<br>Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.<br>Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.<br>**Музыка тыңдау:**«Мәшине» (К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев) | топырақ жұмсақ болады.<br>**«Жас эколог» экологиялық жоба**<br>**Тәжірибе №1.**<br>**«Топырақтың температураға байланысты жағдайы».**<br>Шуақты күнде балаларды жерді зерттеуге шығару, қолдарымен топырақты түртіп қарау:<br>-жылы (күн оны қыздырды),<br>-құрғақ (қолында ұсақталады),<br>-түсі (ашық қоңыр),<br>жерді суару ( жаңбыр жауды), балаларды тағы да топырақты қарауға шақыру.<br>Жер қараңғыланды, ылғалданды, балалар саусақ ұшымен бетін басады - жабысқақ болып, кесектерге жабысады. Салқын су топырақты салқын жаңбыр сияқты салқындатты.<br>**Тәжірибе №2.**<br>**«Топырақтың жағдайы»**<br>Топырақты ауланың әртүрлі бөліктерінде немесе балабақша аумағында алынған қораптарға құю үшін шпательдерді қолданыңыз.<br>Қолмен ұстау үшін: түйір, түйір емес, тегіс, қатты, жұмсақ және т.б.<br>Лупа арқылы неден тұратынын тексеріп қарау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Басты жоғары-төмен бұру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Робот»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, қолдары жанда. Қолдарын алдыға –артқа сермеу және аяқтарын түзу ұстап бір орында жүру. /6 рет қайталау. /<br>**Б.қ.: «Қақпа »**<br>**3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан - солға, солдан - оңға қарай бұру. /6 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Жіп орағыш»**<br>**4.** Тік тұрады, аяқты сәл бүгіп, қолды тізеге тигізеді, тізені жан - жаққа айналдырады. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Балапан су ішті»**<br>**5.** Аяқтарын біріктіріп ұстайды. Қолды жанға қойып алақанды жайып, балаланның қанатын жасайды. 1- алдыға еңкейеді, 2- б.қ. 3- алақанды шапалақтайды. 4- б.қ. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Бақа»**<br>**6.** Аяқтары алшақ қойылған, тізені бүгіп, қолды тізе үстіне қойып | | еңкейеді, 2- б.қ. 3- алақанды шапалақтайды. 4- б.қ. /6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Бақа»**<br>**6.** Аяқтары алшақ қойылған, тізені бүгіп, қолды тізе үстіне қойып орнында «бақа» сияқты секіру. /8 рет секіру. /<br>4 лектен (колонна)1 саппен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**1.Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру.**<br>Қос аяқтап бар пәрменмен секіруге, аяқтың ұшымен түсуге, қол мен аяқ қозғалысының үйлесуіне назар аударады.<br>Тәуекелдікті азайту – тиісті арақашықтықты сақтау, таяқ арасымен ортаға секіру.<br>**2.Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру.**<br>Нұсқау – денені тік ұстау, басты еңкейтпей алға қарау, жерге алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін табанымен тұру.<br>Гимнастикалық орындыққа немесе бөренеге шыққан кездегі қауіпсіздік техникасын еске салады, сақтандыру жүргізіледі. | Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу.<br>Жол ережелері туралытүсінік беру.<br>**Ән айту:«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)**<br>Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету.<br>Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру.<br>Таныс әндерді қалаулары бойыншақайталау.<br>**«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Бөбектер биі» (К.Құатбаев)<br>Балаларжұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппелеқимылжасайды. 2-бөлімдеқол ұстасып айналады.<br>Кел, ойнайық, ойнайық, Қызыққа бір тоймайық! депойынғашақырады.<br>**Дид ойын: «Музыкалық қалпақ»**<br>**Шарты:** музыка ойнай бастайды, ол ойнап | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *орнында «бақа» сияқты секіру. /8 рет секіру. /*<br>*4 лектен (колонна)1 саппен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*шәйнектік дыбысын салу. Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары.***<br>***1.Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру.***<br>*Қос аяқтап бар пәрменмен секіруге, аяқтың ұшымен түсуге, қол мен аяқ қозғалысының үйлесуіне назар аударады. Тәуекелдікті азайту – тиісті арақашықтықты сақтау, таяқ арасымен ортаға секіру.*<br>***2.Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру.***<br>*Нұсқау – денені тік ұстау, басты еңкейтпей алға қарау, жерге алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін табанымен тұру. Гимнастикалық орындыққа немесе бөренеге шыққан кездегі қауіпсіздік техникасын* | | ***Қимыл-қозғалыс ойыны:***<br>***«Орын алмастырыңдар»****.*<br>*Залды ортасынан қақ бөлетіндей етіп арқан тасталады.*<br>*Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толыққұраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді.* | *жатқанда, сіз қалпақты айналдырасыз. Музыка тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *еске салады, сақтандыру жүргізіледі.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны:***<br>***«Орын алмастырыңдар»****.*<br>*Залды ортасынан қақ бөлетіндей етіп арқан тасталады.*<br>*Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толыққұраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді.* | | | | |
| Серуенге дайындық | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*<br>***Қауіпсіздік ережелері.*** *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №4***<br>*Ауа- райының салқындауын бақылау.* | ***Картотека №2***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека № 3***<br>*Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №5***<br>*Ұшып жүрген құстарды бақылау.* |
| | ***Экологиялық мәдениет қалыптастыру.*** *Серуен кезінде күз мезгілінің ауа райы, құстар, жәндіктер туралы білім толықтыру.*<br>*Серуен картотекасы бойынша.* | | | | |
| Серуенненоралу | ***Үнемді тұтыну – жуыну барысында суды үнемді тұтыну туралы түсіндіру.***<br>*Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттіліκпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскіас | ***Үнемді тұтыну –*** *Ұқыпты тамақтану дағдыларын,тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.*<br>***Қауіпсіздік ережелері*** *- ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | | | | |
| Күндізгіұйқы | ***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру | ***№ 7 Майтабанның алдын алу.***<br>*Жалаңаяқ бір бірінің* | ***21.Алақаныңды көрсет.***<br>*Қолдары иықта,*<br>*Қолдарды алға созу, алақан* | ***22.Балалар ұйқыдан оянады.***<br>*Бойымызды жазайық,* | ***№5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.*** | ***26.Асығыңдар жаттығуға.***<br>*. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| шаралары | *артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру,<br>табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.<br>Арнайы жолдармен жүру.* | *көрсету.<br>Қалыпқа келу.<br>Қайталау, сол жаққа, алақан төменде.<br>Қалыпқа келу.* | *Қолымызды созайық.<br>Жаттығулар жасайық.<br>Ұйқымызды ашайық.* | *Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстан<br>Бір демалып алайық.* | *демдерін<br>бірнеше секунд іште ұстап,<br>еркін шығару.* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі* – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.**<br>***«Еңбегі адал жас өрен»* - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет.**<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | ***Үнемді тұтыну дағдысы.*** *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалар-дың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап тар қарау және тағы басқа әрекеттер) | *«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында балалардың шығармашылық дағдысын дамыту.* | | | | |
| | ***Дәстүрден тыс сурет салу<br>«Торғайға көмек»<br>Тосын сәт.***<br>*Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды.<br>Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. Көмектесеміз бе?*<br>***Торғайға көмек***<br>*Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру.<br>Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау.*<br>***«Біздің көрме»***<br>*Балалардың жұмысын бағалау.* | ***Қызығушылықтарын ояту.<br>Топқа қозы келеді.***<br>*Балалармен амандасады.<br>Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?. Балалар қозы айтады, менде дос жоқ, жалғыз ойнағым келмейді дейді. Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме?<br>Балалардың жауаптары.*<br>***Топқа бөлу.***<br><br>***1-топ*** *қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады.*<br>***2-топ*** *қозының сұлбасының* | ***Қызығушылықтаын ояту.<br>Тосын сәт. Тауық келеді.***<br>*Балалар тауықпен амандасады.<br>Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.)<br>-Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе?*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Тауық,балапан суреті арқылы топқа бөлу.*<br><br>***1-топ*** *тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды.*<br>***2-топ*** *балапанды саусақ арқылы* | ***Дәстүрден тыс сурет салу.<br>Жазғы ағаштар***<br>*Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан жазғы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру*<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып.<br>Құстар жүрген сайрап,<br>Салқын түссе-шешіліп,<br>Қалады өзі жайрап. (ағаш)*<br>***Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.***<br>*Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу. Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.* ***«Біздің көрме»*** *балалардың жұмысын қортындылау.* | ***Тосын сәт топқа құтың құшып келуі.<br>Бсалалар мына құс неге шырылдап ұшып жүр. Біз оған қандай көмек бере аламыз.<br>Миға шабул.<br>Жұмбақ жасыру.****Тал басында тамаша үй ( ұя )<br>Жарайсыңдар балалар,<br>осы ұяда нелер мекендейді?<br>Құстарға ұя не үшін қажет?*<br>***Топқа бөлу.***<br>***1-топ*** *түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады*<br>***2-топ*** *тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.*<br>*Балалардың жұмысын бақылау.<br>Жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар қою.*<br>***Еркін ойын<br>Жанама бақылау.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады.*<br><br>*Балалардың жұмысын бақылау.*<br>*Жеке көмек көрсету.*<br>***Галерея шаралау.***<br>*Бір бірінің жұмыстарын бағалау.*<br>*Жасаған жұмыстарын қозыға беру.*<br>*Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы:«Ойыншықтар» (И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)***<br>***Әуенді –дидактикалық ойын**: «**Әуенді сағат»** ойналады.*<br>*Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді.*<br>*Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады. Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.*<br>*Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.*<br>***Музыка тыңдау:**«Мәшине» (К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев)*<br>*Әннің мазмұны мен әуенінің* | *бояйды.*<br>***3-топ.** балапан сұлбасын дән арқылы беру.*<br> <br>*Балалардң жұмысын бақылау.*<br>*Тауыққа балапандарды сыйлау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалардың жұмысын қорытындылау.* | | ***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*-сәлемдесу*<br>*-сапқа тұрғызу*<br>*Бағанда бірінен соң бірін жүру; педагогтың белгісі бойынша қарсы бағытта бұрылыспен шеңбер бойымен жүру және жүгіру. Жүру және жүгіру; саусақтармен жүру, «тышқандар сияқты», қалыпты жүруге көшу.*<br>***Негізгі бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары.***<br>*1. б.қ - аяқтың ені бойынша аяқ тіреуі, қол төмен. Қолдарыңызды жоғары қарай көтеріңіз, қолдарыңыздың үстінен шапалақтаңыз; төменгі қолдар, бастапқы қалыпқа оралу*<br>*2. б.қ. - аяқ иық енінде, қол белде. Отырыңыз, қолдарыңыз алға, қолдарыңызды шапалақтаңыз; түзету, бастапқы қалыпқа оралу*<br>*3. б.қ. - отыру, аяқтар алшақ, қолдар белде, қолдар бүйірге, алға еңкейіп, саусақтарыңызбен саусақтарыңызбен ұстаңыз. Тікелей, қолды екі жаққа созыңыз, бастапқы күйге оралыңыз*<br>*4. б.қ. - арқаңызда жатып, қолдарыңыз түзу бастарыңызда. Тізеңізді бүгіп, қолдарыңызға ораңыз. Түзу, бастапқы күйіне оралу*<br>*5. б.қ. - аяқтар сәл алшақ, дене бойымен кездейсоқ қолдар.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу.*<br>*Жол ережелері туралытүсінік беру.*<br>***Ән айту:«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)***<br>*Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету.*<br>*Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.*<br>*Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру.*<br>*Таныс әндерді қалаулары бойыншақайталау.*<br>***«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев,***<br>***Н.Әлімқұлов)***<br>***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:*** *«Бөбектер биі» (К.Қуатбаев)*<br>*Балаларжұптасып тұрады. 1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппеліқимылжасайды. 2-бөлімдеқол ұстасып айналады.*<br>*Кел, ойнайық, ойнайық,*<br>*Қызыққа бір тоймайық!*<br>*депойынғашақырады.*<br>***Дид ойын: «Музыкалық қалпақ»***<br>***Шарты:*** *музыка ойнай бастайды, ол ойнап жатқанда, сіз қалпақты* | | | *Екі аяқпен секіру - аяқты алшақ, қолды бүйірге, бастапқы қалыпқа оралу - 1-8 есебінен. Секіру сериялары арасындағы қысқа үзіліспен 2-3 рет қайталаңыз.*<br>***Тыныс алу жаттығулары Сабын көпіршігін ұшырайық.***<br>*Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. Жаттығу 3-4 рет орындалады*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Заттар арасында алға жылжып, екі аяқпен секіру*** *(текшелер, кеглиттер). Қашықтық 3 м.Ол екі бағанда саптық тәртіпте 2-3 рет жүзеге асырылады. (Назар аудару - еденнен итеріп, қолды сермеу).*<br>***2. Допты бір-біріне лақтыру*** *(қатарда бір-бірінен 1,5 м қашықтықта тұрып) екі қолмен төменнен.*<br>***Қим ойын: «Ұшақтар»***<br>*Балалар үш бөлімге бөлініп, залдың әр түрлі бұрыштарына орналастырылады. Әр сілтеме алдында - белгілі бір түстің кубы (нүктесі).Нұсқаушының бұйрығымен: «Ұшуға дайындалыңыз!» - балалар - «ұшқыштар» қолдарымен айналмалы қозғалыстар жасайды - қозғалтқыштарды іске қосады. «Ұш!» - дейді мұғалім. «Ұшқыштар» қолдарын екі жаққа көтеріп, залда әр түрлі бағытта жүгіреді. Пәрмен бойынша:* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *айналдырасыз. Музыка тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді.* | | | *«Қону!» - балалар қайтып келеді, және әр сілтеме текшенің жанында орын алады. Мұғалім қай сілтеме тезірек салынғанын атап өтеді. Ойын қайталанған кезде басқа жігіттер ұшу командирі болып тағайындалады.* |
| Балалармен жеке жұмыс | ***қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту*** | | | | |
| | ***Дид ойын: Кеңістікті бағдарлау.*** ***Мақсаты:*** *балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі.* | ***Дид ойын: «Көп және біреу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады.* | ***Дид ойын: «Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады.* | ***Дид ойын: «Төртінші артық»*** ***Ойын шарты:*** *Басқаларына сәйкес келмейтін заттыалып тастауды біледі.* | ***Дид ойын: «Жол картасын бейнеле»*** ***Ойынның мақсаты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді. Жеке баламен жұмыс* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өзіне қызмет етіп үйрену.*** *Киімдерін дұрыс кие білу.. Аяқ киімнің оң солын ажырата білу.. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека №4*** *Ауа- райының салқындауын бақылау.* | ***Картотека №2*** *Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека № 3*** *Жәндіктерді бақылау.* | ***Картотека №15*** *Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №5*** *Ұшып жүрген құстарды бақылау.* |
| | ***Экологиялық мәдениет қалыптастыру. серуен кезінде табиғатқа қамқорлық таныту.*** ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***«Өнегелі 15 минут»*** ***Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің көшеде, үйде қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* |

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы**

Білімберуұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Ересек топ.

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 23.09 – 27.09.2024ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | ***Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.*** *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | ***Өнегелі -15 мин.*** *Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы, қызығушылығы туралы әңгімелесу.* *Ата-аналараға ертегілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | ***Картотека №4*** ***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»*** *Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.* | ***Картотека №10*** ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту* | ***Картотека №11*** ***«Кімге не керек»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету* | ***Картотека №18*** ***«Қайсысы ұнайды?»*** ***Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.* | ***Картотека № 19*** ***«Орнын тап»*** ***Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | *Қыркүйек айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | *Үнемді тұтыну - Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну. Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру.* *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.* *Қауіпсіздік ережелерін ескерту.* *Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | *«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында.* | | | | |
| | *Мына аспан астында* *Жақсы дос көп табылар* *Мен де соның бірімін,* *Сыйлығымды ал!* | *Ашық менің жүрегім* *Ылғи күліп жүремін.* *Бірге ойнапғ бір жүрер* *Достарым көп, білемін!* | *Сиқырлы айнадан* *Өзімді көрермін.* *Бақыттан жайнаған.* *Көзімді көремін.* | *Шақырамын сендерді* *Жолдастарым кел бері* *Толтырайық шаттыққа,* *Дөгеленген шеңберді.* | *Бақыт толы шеңберге,* *Шаттық толы шеңберге,* *Қол ұстасып келдік біз,* *Жан достармыз енді біз.* |
| Білімберуұйымы нынқкестесібойы | ***«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар әлемі»*** | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>Телефон шырылдау<br>Құрметті балалар. Мен Дарамын. Мен көпірден өте алмай тұрмын, Ол үшін құрамалы көпірді құрастыру үшін маған көмек керек болып тұр. Құрамалы көпірдің әр бөлігінде тапсырмалар орналасқан.<br>Мен тапсырмаларды досым ала қарғадан беріп ұшырамын<br>Дараға көмектесуге дайынсыңдар ма?<br>**Ой қозғау**<br>**1 тапсырмасы:**<br>-Балалар қазір біз **«Кім жылдам?»** ойынын ойнаймыз.<br>**Ойынның шарты:** Бөлменің ішінде хат жасырылған. Сол хатты тез, жылдам іздеп табамыз.<br>Осы сәтте бөлмеге алаяқ түлкі кіріп балалардың хаттарын ұрламақшы болады.<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Балалар қараңдаршы алаяқ түлкі сендердің хаттарыңды ұрламақшы түлкіні қалай тоқтатамыз. «Алааяқ ұрлама,алааяқ ұрлама» деп балалар түлкіні тоқтатады. Түлкі «қап бәлем» деп қатып қалады. Енді балалар тапқан хатымыздың сыртына қарайықшы не көріп тұрсындар. Ия , сандар математиканы біраз есімізге | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт.** Білмеспек келеді. Балалармен амандасып, көмек сұрайды.<br>Маған мұғалім мамандық туралы біліп кел деді, мен ештеңе білмеймін.<br>**Ой қозғау.**<br>Білмесбекке көмектесу үшін мамандықтар әлеміне саяхатқа шығамыз ба?<br>-Мамандықтар әлемі алыста екен сондықтан бізге саяхатқа бару үшін не керек?- Көлік.<br>- Ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын, қандай көлікпен баратынымызды тауып көрейік.<br>Көше бойлап аяндайды.<br>Адам тасып аялдайды.<br>**(Автобус)**<br>- Иә, балалар, ал автобусты жүргізетін адамды кім дейміз? Жүргізуші.<br>- Қане, кім автобус жүргізушісі болғысы келеді?<br>Қане балала равтобусқа отырайық. Ал, кеттік<br>-Осы кезде бағдаршамның қызыл көзі жанып, автобус тоқтайды.<br>-Балалар біз неге тоқтадық?<br>- Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда тоқтау керек.<br>- Дұрыс айтасыңдар балалар, бізге жол нұсқап тұрған кім?<br>- **Жол сақшысы.**<br>**Бір бала**:Ала таяқ ұстаған<br>Жол тәртібін нұсқаған<br>Өмірінді күзеткен<br>Жол сақшысы мен болам. | **Тақырыбы: «Дәрігер Айболит»** (ертегі мультфильмін көрсету)<br>**ҰІӘ өтілу барысы**<br>**Тосын сәт.**<br>**Есік қағылады.**<br>Бұл кім екен? Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді.<br>Дәрігер Айболит: Сәлеметсіздер ма балалар. Мен сендерге қонаққа келдім, мен аңдарды емдеп, енді сендердің денсаулық-тарыңды тексеруге келдім.<br>**Дид ойын: «Дәрігер заттарын ата»**<br>**Шарты:** Дәрігер заттарын атап айту<br>Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті беттеріңді және әдемі күлкілеріңді, тістеріңді қарағым келіп тұр. Балалар қуана қарсы алады. Дәрігер Айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды.<br>Айболит енді сендерден көмек сұрағым келіп тұр. орманда бір маймыл бүкіл заттарды араластырып жіберіпті, соны өз орнына қоюға көмектесіңдер.<br>**Дид ойын: «Өз орнына сал»**<br>Шарты: Заттарды өз жұбына қою.<br>Мыс: Балға –балта, ручка-дәптер, шприц-дәрі т.б<br>Айболит: Балалар: Аңдарға | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>-Есік қағылып ішке пошташы кірді<br>-Саламатсыздар ма, балалар. СендергеАйгүл достарыңыз хат беріпжіберді.<br>-Хаттыңішінашыпоқимыз.<br>Балалар мен сендерге мына жұмбақтарды жібердім шешуін білмей жатырмын маған көмектесіңдерші?<br>-Балалар жұмбақты шешіп көмектесеміз ба?<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ**<br>1.Тәп-тәтті тағамы<br>Астардың маманы.<br>(Аспазшы)<br>2.Кірпіштен үй салады,<br>Ол адам кім болады?<br>(Құрлысшы)<br>3. Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі. (Мұғалім)<br>4. Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(Дәрігер)<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ой дамыту.**<br>**Суретпен жұмыс.**Мамандық түрлерімен таныстыру.<br>Балалар, мына суреттерде кімдердің суреттерін көріп отырсыңдар?<br>-Олар не істейді ?<br>**Дид ойын.«Сен өскенде кім болғың келеді?»**<br>Әр бала өз ойын айтады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Соз қолыңды оң жаққа,<br>Соз қолыңды сол жаққа.<br>Қолды айналдыр бұлданбай<br>Шеңбер жасап тұрғандай | **Миға щабуыл**<br>Балалар қазір қандай жыл мезгілі?<br>-Танертең тұрғанда не істейміз?<br>-Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет?<br>-Қандай жаттығу жасайсыңдар? Кім көрсетеді?<br>**Дид ойын: «Мен ептімін»**<br>Шарты: Жаттығуды жасалуын көрсетеді.<br>Деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек?<br>Ал ауырып қалған жағдайда не істейміз?<br>**Дид ойын: «Күн және түн»**<br>Шарты: «Күн» белгісін бергенде, балалар күледі, жүгіреді, секіреді. Ал «Түн» белгісін бергенде, қозғалыстарын тыйып, бәрі «ұйықтайды».<br>**Ой дамыту.**<br>Денсаулықты сақтау үшін, денсаулық ережелерін білу маңыздылығын түсіндіру.<br>«Денсаулық - зор байлық», «Дені саудың – жаны сау»- деген қағидаларды бала бойына жетілдіру.<br>**Ой қозғау.**<br>Суретпен жұмыс.<br>**Дид ойын: «Әдепті бала және салақ бала»**<br>Шарты: Салыстыру.<br>-Гигиена деген не?<br>-Гигиена дағдыларына нелер жатады?<br>Сұрақ – жауап.<br>-Балалар, адамдардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *түсірейік.*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам»***<br>*1.Мына дөңгелектегі пішіндерді және түстерін ата*<br>*2. Үш бұрыш нешеу, төртбұрыш нешеу, сопақша нешеу сана.*<br>*Жақсы балалар.*<br>*Енді хаттың ішінде тұрған кескін қағазды құрастырамыз.*<br>*-Балалар сендерде қандай мамандықтардың суреттері шықты ?*<br>*-Сендер сол мамандық туралы не білесіңдер?*<br>***2 - тапсырма:***<br>***«Балықшы» ойыны.***<br>***Шарты :*** *берілген заттар қай маман иесіне қажет*<br>***Сергіту сәті*** *видеомен*<br>***3- тапсырма: .***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>*1-топ* ***«Құрылысшы» ойыны***<br>*Шарты: әртүрлі фигуралардан үй құрастырады.*<br>***2-топ «Ғимараттар»***<br>*Шарты: Ғимараттарға терезе жапсыру.*<br>***4- тапсырма:***<br>***«Аспазшы» ойыны.***<br>***Шарты:*** *Бір – бір баладан шығып бірінші бала компотты дайындайтын жемістерді жинайды.*<br>*Екінші бала борщты дайындайтын көкеністерді жинайды.*<br>***Қане бұл тапсырмаларды Дараға түсіріп, телефонмен*** | *Жол сақшысы жүре бер деген белгі береді.*<br>*Ал, балалар аялдамаға келдік.*<br>***1-аялдама. Аурухана***<br>*- Міне мамандықтар әлеміне де келіп жеттік.*<br>*Мына жерде не көріп тұрсыңдар*<br>*?- Бұл кісі кім екен?дәрігер.*<br>*Бір бала: Мен дәрігер боламын*<br>*Үлкеннің де баланың*<br>*Қиналғанда қасына*<br>*Бірінші болып барамын*<br>*Дәрігер қандай мамандық иесі екен?*<br>*Дәрігер ауруханда жұмыс істейді. Дәрігер балалардың ауырып қалмауын қадағалайды.*<br>***Дид ойын:«Танып біл»***<br>*- Мынау не балалар? - Ине*<br>*- Иә бұл ине, ал мынау стетаскоп бұл құралмен біздің кеудемізді тыңдап, қай жеріміз ауырып тұрғанын анықтайды. Ал мынау дәке, мақта.*<br>***Сөздік жұмыс: стетаскоп, дәке, мақта.***<br>***2-аялдама. Асхана***<br>*- Балалар, мынау асхана. Асханада кімдер жұмыс істейді? Аспаз.*<br>*- Мынау не балалар? Электр пеші*<br>*- Асханада қандай құралдар бар?*<br>*- Шыны, пияла, тәрелке, қазан кастрөл.*<br>*Аспаз менің жұмбағымды шешіп көріңдерші:* | *күнде нүктелі жаттығу жасаймыз, ал сіздер жасайсыздар ма? Әрине дәрігер біз күнде нүктелі жаттығулар жасаймыз.*<br>***1. Мұрын саусақ ұшымен айналдырайық;***<br>***2. Қасымызды бармақпен айналдырайық;***<br>***3. Құлағымызды саусақ ұшымен айналдырайық;***<br>***4. Маңдайымызды саусақ ұшымен айналдырайық.***<br>*Дәрігер Айболит: жарайсыңдар балалар, сендер жаттығуды жақсы біледі екенсіңдер, мен сендерге ризамын сол үшін сендерге тазалық сақтайтын құралдарды беремін, мен енді кетейін аңдар мені күтіп жатыр, ал сендерге айтарым, өздеріңді таза ұстаңдар, ауырмайық, әрдайым көтеріңкі көңіл күйде болыңдар, жақсы сау болыңыздар.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ- жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*«Үйректің балапаны» - кеудені алға қарай еңкейте отырып, өкшемен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен жай* | ***Дид ойын: «****Мамандықтар себеті»*<br>*Шарты: Әр себетке мамандықтардың суретін жапсыру, мамандықтың құралдарын себеттің сыртына қарап ретімен жинау.*<br>***Шығармашылық бұрышта жұмыс.***<br>***«Шебер қолдар, сыр шертеді»***<br>***Суретшілер тобы:*** *Дәрігер заттарын бояу, атау.*<br>***Мүсіншілер:*** *Мұғалім заттарын мүсіндеу.*<br>***Қорытынды***<br>*балаларды мадақтау*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: Мен өнерлі баламын***<br>***Музыкалық сәлемдесу.****Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету.*<br>*Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа бубен аспабымен әуенін ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. Ән жанрлары, әншілер туралы мағлұмат беру.*<br>***Музыка тыңдау:****«Күзгі вальс» (муз. А. Досмағамбет). «Балдырғандар маршы» (муз. К. Қуатбаев). Балалар шығарманы тыңдап, әуеннің сипатын анықтайды. Алған* | *көңілді, әдемі жүруі неге байланысты?*<br>***Дид ойын: «Не өзгерді?»***<br>*Шарты: Суреттегі көңіл күйді дұрыс айыра біледі.*<br>*Көңіл күй туралы суреттер.*<br>***Қорытындылау.***<br>*Мадақтау, смайлктер беру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жіберейік.**<br>Балалар Дара тапсырмаларды дұрыс орындағандарына өте риза. Дараның тапсырмалары сендерге ұнады ма?<br>-Әлде қиын, қызықсыз болды ма?<br>**Дараның тапсырмалары, ұнаса , жолдорбасына қызыл түсті гүл жапсырыңдар ал , ұнамаса сары түстіні жапсырыңдар.**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім**<br>-сәлемдесу<br>-сапқа тұрғызу<br>Бағанда бірінен соң бірін жүру; педагогтың белгісі бойынша қарсы бағытта бұрылыспен шеңбер бойымен жүру және жүгіру. Жүру және жүгіру; саусақтармен жүру, «тышқандар сияқты», қалыпты жүруге көшу.<br>**Негізгі бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>1. б.қ - аяқтың ені бойынша аяқ тіреуі, қол төмен. Қолдарыңызды жоғары қарай көтеріңіз, қолдарыңыздың үстінен шапалақтаңыз; төменгі қолдар, бастапқы қалыпқа оралу<br>2. б.қ. - аяқ иық енінде, қол белде. Отырыңыз, қолдарыңыз алға, қолдарыңызды | Кесе – шыны пиала,<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>**(Ыдыс - аяқ)**<br>**3-аялдама**<br>- Ал енді балалар біз қайда келдік?<br>- Дүкенге. Дүкенде кім бар?<br>- Дүкенші<br>Дүкенші: Ойыншық аламыз, ойыншық аламыз.<br>- Балалар дүкеннің бірнеше түрі болады. олар: азық - түлік дүкені, киім дүкені, ойыншықтар дүкен.<br>- Біз қандай дүкенге келдік? Ойыншық дүкеніне<br>- Дұрыс, дүкенде ойыншықтар сатылады екен.<br>- Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?Атау<br>**4-аялдама**<br>-Бұл қандай мамандық түрі екен?<br>- Шаштараз мамандығы.<br>- Балалар, біздің шашымыз өсіп кеткенде кімге келеміз? Шашатаразға.<br>- Бұл кісі шаштараз.<br>Қолымда қайшы тарағым<br>Тәртіпке шашты салатын<br>Мен шаштараз боламын.<br>**Дид ойын: «Шаштараз заттарын ата»**<br>- Мынау менің қолымдағы не? Тарақ, айна, қайшы.<br>- Ал мынау шаш кептіргіш, бұл құрал шашты кептіруге арналған, электрмен істейді.<br>**5-аялдама** | жүру .<br>1 сапқа тұру. /сапқа тұрарда себеттен бір орамалдан алу/<br>1саптан 4 лекке (колонна) тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Б.қ.: «Дөңгелек»**<br>**1.** Тік тұрып, аяқты иық деңгейіне қойып, орамалды алға созып, алақанды жұмып, білезікті, шынтақты, иықты қысу, айналдырады./5-6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Қанат»**<br>**2.**Аяқ иық көлемінде, тік тұрып орамалды ішке қарата қолды жоғары көтеріп,<br>артқа қарай түсіреді. /5-6 рет қайталау/<br>**Б.қ.: «Жіп орағыш»**<br>3. Тік тұрады, аяқты сәл бүгіп, орамалды тізеге тигізеді, тізені жан - жаққа айналдырады.<br>/5-6 рет қайталау./<br>**Б.қ.: «Тарсылдақ»**<br>**4.** Тік тұрып, аяқты алға созады, оң аяқты жоғары көтеріп, аяқ астынан шапалақ соғады,<br>дәл осылай екінші аяқпен жасалады. /5-6 рет қайталау/<br>**Б. қ.: «Орамалды ілу»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қойып, | әсерлерін бөліседі. Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Шығарманың қарқыны қандай?<br>**Дауыс жаттығулары:**«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. «Күшті» бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, «әлсіз» бөлігінде ақырын орындау.<br>**Ән айту:**«Мен өнерлі баламын» (муз. М. Омаров, сөзі Г. Жотаева). Әнді орындап, мазмұны туралы әңгімелесу. Өнер және музыкалық мамандықтар (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер туралы мағлұмат беру.Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен? «Ырғақ» деген сөздің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету: ырғақ – ритм<br>**Музыкалық-ырғақты қозғалыс:**Полька (Б. Сметан). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Би ырғағын аяқ топылдату, шапалақтау арқылы есте сақтауға үйрету. Би элементтерін жұптасып бірге қайталау, қарқынын сезіне мәнерлеп қозғалуға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шапалақтаңыз; түзету, бастапқы қалыпқа оралу*<br>*3. б.қ. - отыру, аяқтар алшақ, қолдар белде, қолдар бүйірге, алға еңкейіп, саусақтарыңызбен саусақтарыңызбен ұстаңыз. Тікелей, қолды екі жаққа созыңыз, бастапқы күйге оралыңыз*<br>*4. б.қ. - арқаңызда жатып, қолдарыңыз түзу бастарыңызда. Тізеңізді бүгіп, қолдарыңызға ораңыз. Түзу, бастапқы күйіне оралу*<br>*5. б.қ. - аяқтар сәл алшақ, дене бойымен кездейсоқ қолдар. Екі аяқпен секіру - аяқты алшақ, қолды бүйірге, бастапқы қалыпқа оралу - 1-8 есебінен. Секіру сериялары арасындағы қысқа үзіліспен 2-3 рет қайталаңыз.*<br>***Тыныс алу жаттығулары***<br>***Сабын көпіршігін ұшырайық****. Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. Жаттығу 3-4 рет орындалады*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері.***<br>***1. Заттар арасында алға жылжып, екі аяқпен секіру*** *(текшелер, кеглиттер). Қашықтық 3 м.Ол екі бағанда саптық тәртіпте 2-3 рет жүзеге асырылады. (Назар аудару - еденнен итеріп, қолды сермеу).*<br>***2. Допты бір-біріне лақтыру*** *(қатарда бір-бірінен 1,5 м* | *- Балалар мынау құрылыс алаңы. Бұнда құрылысшы жұмыс істейді. Міне мына кісі құрылысшы. Құрылысшы не салады? Үй салады.*<br>*- Ал мынау қандай құрал?*<br>*- Қалақ.*<br>***Бір бала: Қолда темір қалағым.***<br>***Саздан сарай саламын***<br>***Астанадан аумайтын***<br>***Әсем қала саламын.***<br>*Балалар біздің тобымызға қайтатын уақытта болыпты.*<br>*Саяхаттан оралу.*<br>***Қортынды.***<br>*Білмесбек не үйренді тексерейік*<br>***Дид ойын:***<br>***«Сөйлеп тұрған кім?»***<br>*Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы:*<br>*1) Балмұздақ сатамын! Балмұздақ!*<br>*2) Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын?*<br>*3) Қай жеріңіз ауырып тұр? Қазір ыстығыңызды өлшейін.*<br>*4) Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін?*<br>*5) Бүгінгі сабақта біз балалар қысқы табиғат туралы әңгімелесеміз.*<br>*6) Мен манты жасап жатырмын, қазір дайын болып қалады.*<br>***Білмесбек бәріне жауап беріп , балалрға рақмет айтып кетіп қалады*** | *тізе бүгу. Орамал төменде. Орнынан тұрып, орамалды жоғары көтеріп, орамалды ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Сайқымазақ»***<br>***6.*** *Тік тұрып, орамалды жоғары көтеріп, аяқты алға қарай түзу лақтыра секіру .*<br>*/10-15 секунд /*<br>*4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. /орамалды себетке салу/*<br>*Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Ысқырықты үргендей қылып, ерніңмен түтікшені қысып, сосын жымиып ерніңді босатасың; еріннің осындай қалыптарын кезектестіріп қайталайды.*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары***<br>***Екі тізе арасына доп қысып алып жүру.***<br>***Түрлі биіктік деңгейіндегі заттар арқылы қос аяқтапсекіру.***<br>*Нұсқау – қос аяқтап пәрменмен қарғу, қолды алға созу.*<br>***Қим ойын: «Тақия тастамақ»***<br>***Міндеті:*** *балалардың зейінің дамыта отырып,* ***жылдамдыққа үйрету.*** | *баулу. Ұлттық ойын. «Ақ терек, көк терек».*<br>***Ой қозғау.***<br>*«Мен өнерлі баламын» әнінің мазмұнына қай сурет лайықты? Неліктен сол суретті таңдадың? Өнерлі балаға қажетті заттарын тауып беруге көмектес. Аса қажетті құрал не деп ойлайсың? Неліктен бұл затты таңдадың?* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қашықтықта тұрып) екі қолмен төменнен.*<br>***Қим ойын: «Ұшақтар»***<br>*Балалар үш бөлімге бөлініп, залдың әр түрлі бұрыштарына орналастырылады. Әр сілтеме алдында - белгілі бір түстің кубы (нүктесі).Нұсқаушының бұйрығымен: «Ұшуға дайындалыңыз!» - балалар - «ұшқыштар» қолдарымен айналмалы қозғалыстар жасайды - қозғалтқыштарды іске қосады. «Ұш!» - дейді мұғалім. «Ұшқыштар» қолдарын екі жаққа көтеріп, залда әр түрлі бағытта жүгіреді. Пәрмен бойынша: «Қону!» - балалар қайтып келеді, және әр сілтеме текшенің жанында орын алады. Мұғалім қай сілтеме тезірек салынғанын атап өтеді. Ойын қайталанған кезде басқа жігіттер ұшу командирі болып тағайындалады.* | *Қорытынды бөлім:*<br>*- Біз бүгін қайда саяхаттап келдік?*<br>*- Балалар сендер бүгін сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер және тақпақтарды жақсы айттыңдар. Сол үшін сендерге жұлдызша беремін.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу)***<br>***ІІ.Миға шабул. Жұмбақ жасыру.***<br>*Киім іліп қойғанға*<br>*Шкаф қажет әрине,*<br>*Тамақтарды қоятын,*<br>*Үстел керек әрине,*<br>*Үстелге кеп отыратын,*<br>*Орындық қажет әрине.*<br>*Бір сөзбен ата оларды.*<br>*(Жиһаздар)*<br>***Музыка әуенімен сандық ашылады. Сандықтың ішінен ойыншық жиһаздар шығады.***<br>***ІІІ. Тосын сәт.***<br>*Қонжықтың келуді.*<br>*Амандасу.*<br>*Қонжық: бөлмелеріме жиһазадар іздеп жүрмін. Сендерден көмек сұрап келдім.*<br>*Қонжыққа көмек.*<br>*Сиқырлы сандықтан шыққан жиһаздарды қонжыққа беру үшін ,түсіндіріп бөліп беру.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*1 дегенде тұрайық,*<br>*2, 3, 4 – алақанды соғайық,*<br>*Оң жаққа бұрылып,* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Сол жаққа бұрылып,*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз жүгіріп алайық.*<br>***Пішіндер арқылы топқа бөлу.***<br>***1-топ Дөңгелектер***<br>***2- топ Үшбұрыштар***<br>*Әр топқа тапсырма беру.*<br>***1-топ Дөңгелектер***<br>***1-тапсырма.*** *Сұрақтарға жауап береді.*<br>*-Ас бөлмеге қандай жиһаздар керек.( Үстел, орындық, ыдыс сөресі)*<br>*-Жатын бөлмеге қандай жиһаздар керек.(шкаф, төсек, т/б)*<br>*-Қонақ бөлмеге ше? (Теледидар, диван, кресло)*<br>***2-тапсырма.*** *Ойын: «суретті жинап ал». Тобымызда бар жиһаздар суреттерін жинайды.*<br>***2- топ Үшбұрыштар***<br>***1-тапсырма. «Көлеңкесін тап»***<br>*Шарты: берілген жиһаздардың көлеңкесін тауып орналастыру және оны атау.*<br>***2- тапсырма Ойын: «Не жетпейді?»***<br>*Шарты: Жиһаздардың жетпейтін бөліктерін сызықтар арқылы өсу.*<br>*Қонжық балалармен қоштасады. Рақмет балалар.*<br>***Топтық жұмыс***<br>***«Жиһаз атауына сөйлем құрайық»***<br>*АКТ технологиясы.*<br>*Слайд Жиһаздар* | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Балалар суретке қарап әңгімелейді.* | | | |
| Серуенге дайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - өзіне өзі қызмет көрсету.***<br>*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 12***<br>*Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №17***<br>*«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №20***<br>*Жәндіктерді бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру.* ***Табиғатқа қамқорлық таныту. Серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***Еңбегі адал жас өрен - өзіне өзі қызмет көрсету.***<br>*Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| Түскіас | *Үнемді тұтыну - ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* | | | | |
| Күндізгіұйқы | | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | ***№9*** *1. Ояту*<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***№10****1.Ояну*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Терезеге қарап*<br>*Күн жылуын алайық.* | ***№10*** *1.Ояну*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Терезеге қарап*<br>*Күн жылуын алайық.* | ***№11*** *1. Ояну*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, құнап алайық*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық* | ***Жаттығу кешені №13.***<br>*Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар* |
| | *Еңбегі адал жас өрен - өзіне өзі қызмет көрсету, жаттығу жасап, киімдерін дұрыс кие білу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | *Үнемді тұтыну – Жуыну барысында суды ұқыпты пайдалану, қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | ***Экологиялық мәдениетті қалыптастыру. «Ізденімпаз бүлдіршін» өнер тапқыштыққа алғашқы қадам***<br>***Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет*** | | | | |
| | ***Қызығушылықты ояту****.*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Дәміде жоқ,түсі жоқ,*<br>*Пайдаланбас кісі жоқ.* ***(су)***<br>*Сұрақ –жауап.*<br>***Ой дамыту.***<br>*-Су туралы түсінік беру.*<br>*-Сұрақ-жауап.* | ***Ой дамыту. АКТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.*<br>*Ал ғалымдар деген кім?*<br>*Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге барамыз.*<br>*Қазақстан еліміз шөлді* | *Зерттеу жұмысын жасау арқылы аспан әлеміне қызығушылық таныту.*<br>***Миға шабуыл***<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Төрінде тұр нұр көзі,*<br>*Жердің биік күмбезі.*<br>***(Аспан)***<br>***Айдалада көк шатыр,*** | ***Ой қозғау:***<br>*-Жыл мезгілдеріне саяхат.*<br>*-Сюжетті суреттермен жұмыс.*<br>*-Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата?*<br>*-Кімге қай мезгіл ұнайды?*<br>*Несімен ұнайды?* | ***Эксперименттік алаң***<br>***Тәжірибе «Күнжүйесі».***<br>***Мақсаты:***<br>*Неге барлық планеталар күннің айналасында айналады?түсіндіру.*<br>***Құрал-жабдықтар:*** *сары ағаш таяқша, жіптер, 9 доп.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Судың қандай пайдасы бар?<br>-Судың қасиеттері қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады?<br>(ішеді, жуынады)<br>- Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)<br>Су аға ма? Неліктен?<br>Өйткені ол сұйық.<br>**Балаларды топқа бөлу.** .<br>**Тәжірибе жасау**<br>**Дид ойын: «Зерттеушілер»**<br>**1-топ. Сүт пен суға тәжірибе**<br>Қайсысы көрінетінін, қайсысы көрінбейтінін бақылайды. "**Су - мөлдір**"<br>**2- топ. Бояулармен.**<br>Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан түс пайда болғанын бақылау. "**Су - түссіз**"<br>**3 - топ. Су және ванилин**<br>**Яғни:"Судың иісі жоқ"**.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Балалардың жауабы.** | далалар бар екен.<br>Ол жерде шөлге төзімді жануарлар ғана мекендейді. мысалы: түйе. кесіртке,құрт т.б<br>Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр.<br>Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік<br>Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік.<br>Ал құмды не үшінпайдалануғаболады?<br>Құрылыста,ыдысжасағанда ,шыны ,айна.балаларсендерғалымдар боласыңдар.<br>**Тәжрибе№1**<br>**1-нұсқа.** Ыдыстағы құмды түтікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия.<br>**2-нұсқа.** Қасықтың көмегімен төбешік жасау.<br>Құм қандай?<br>Сусылдақ, жылжымалы.<br>**Тәжірибе №2**<br>Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық.<br>Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қара түсті. | Көк шатырда<br>Қызыл көзді шал жатыр.<br>**(Аспан мен Күн)**<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>**(Бұлт)**<br><br>**Ой дамыту**<br>**АКТ технологиясымен түсінік беру**<br>**Тәжірибе № 1 «Бұлтты жасау».**<br>**Мақсаты:**<br>- балаларды бұлттардың, жаңбырдың пайда болу процесімен таныстыру.<br>Ресурстар: үш литрлік банка, ыстық су, мұз кесектері.<br>3 литрлікбанкағаыстық су құямыз (шамамен 2,5 см).<br>Бірнешемұзкесектерінқұмырағасалыңыз.<br>Консервініңішіндегіауакөтеріліп, салқындайбастайды.<br>Ондағы су буықоюланып, бұлттардытүзеді.<br>Бұлтәжірибежылыауасалқындағанкездебұлттардыңпайдаболуынимитациялайды . Жаңбырқайданшығады?<br>Тамшыларжергеқыздырылғанкездежоғарыкөтеріледіекен. Ондаоларсуықболып, бұлттардыжинап, бір-бірінежабысады.<br>Біргекездескендеоларүлкейіп, ауырлап, жаңбыртүріндежергеқұйылады. | -Қазір қай мезгіл?<br>3.Ой дамыту.<br>-Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер, құстар,жануарлар т.б.)<br>-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.<br>**Ой толғаныс.**<br>Сұрақ – жауап.<br>-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?<br>Табиғат байлықтарына нелер жатады?<br>-Оны қорғау деген не?<br>-Табиғатты сүйе білу деген не?<br>**Дид ойын: «Шатастырма»**<br>1.Көктемде қар жауады.<br>2. Қазір күз мезгілі?<br>3.Көктемде қар ериді?<br>4.Көктемнің бірінші айы -наурыз<br>5.Қыста жапырақтар сарғаяды?<br>6 . Жылмезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз.<br>7.Жаз ең суық жыл мезгілі?<br>8.Күзде бәйшешектер өседі?<br>9.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?<br>10.Жазда балалар оқиды?<br>**Қорытындылау.**<br>Балаларды мадақтау. | **Тәжірибелік жұмыс**<br>Сары таяқша - Күн, ал жіптердегі 9 доп - планеталар деп елестетіп көріңіз<br>Біз таяқшаны айналдырамыз, барлық планеталар шеңбер бойымен ұшады, егер сіз оны тоқтатсаңыз, онда планеталар тоқтайды.<br>Күнге бүкіл жүйені ұстап тұруға не көмектеседі? ..<br>Күнге мәңгілік қозғалыс көмектеседі.<br>Дәлсолай, егер Күн қозғалмаса, бүкіл жүйе ыдырап кетеді және бұл мәңгілік қозғалыс жұмыс істемейді<br>**Тәжірибе №3 «Күн мен түн».**<br>Мақсаты:<br>- балаларға не үшін күн мен түнек енін түсіндіріңіз.<br>Ресурстар: фонарь, глобус.<br>Мұның ең жақсы тәсілі – күн жүйесінің моделі! ...<br>Оған тек екінәрсекерек - глобус жәнеқарапайым фонарь. Қараңғы топ бөлмесінде фонарикті қосып, оны өз қалаңыздың жанындағы жер шарына бағыттаңыз.<br>Балаларға түсіндіру: «Қараңыз; фонарь - Күн, ол жерге жарқырайды.<br>Енді оны сәл бұрайық - енді ол біздің қаламызға нұрын шашады.<br>Күн сәулелері жетпейтін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Музыка***<br>***Тақырыбы: Мен өнерлі баламын***<br>***Музыкалық сәлемдесу.****Ырғаққа сәйкес бірге қол шапалақтау және «Сә-ле-мет-сіз бе?» сөзін буынға бөле әндету. Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топқа ырғақты шапалақтап, келесі топқа бубен аспабымен әуенін ырғағын дәл бере ойнауды ұсыну. Әрі қарай екі топ алмасады. Ән жанрлары, әншілер туралы мағлұмат беру.*<br>***Музыка тыңдау:****«Күзгі вальс» (муз. А. Досмағамбет). «Балдырғандар маршы» (муз. К. Қуатбаев). Балалар шығарманы тыңдап, әуеннің сипатын анықтайды. Алған әсерлерін бөліседі. Әуенді тыңдағанда көз алдыңа не елестеттің? Шығарманың қарқыны қандай?*<br>***Дауыс жаттығулары:****«Жаңғырық» дауыс жаттығуын айту. Әуеннің күшті және әлсіз бөліктеріне ерекше көңіл бөлу. «Күшті» бөлігінде «Аууу!» – деп дауыстары қатты шықса, «әлсіз» бөлігінде ақырын орындау.*<br>***Ән айту:****«Мен өнерлі баламын» (муз. М. Омаров, сөзі Г. Жотаева). Әнді орындап, мазмұны туралы әңгімелесу. Өнер және* | | | *жерде бізде түн болады. Балалардан жарық пен қараңғы, таңертең немесе кешке деп болжайтынына сенімділіігін арттыру.*<br><br>***Денешынықтыру***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. «Үйректің балапаны» - кеудені алға қарай еңкейте отырып, өкшемен жүру. Шеңбер бойымен жай жүру .*<br>*1 сапқа тұру. /сапқа тұрарда себеттен бір орамалдан алу/*<br>*1саптан 4 лекке (колонна) тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы дамыту жаттығулары.***<br>***Б.қ.: «Дөңгелек»***<br>***1.*** *Тік тұрып, аяқты иық деңгейіне қойып, орамалды алға созып, алақанды жұмып, білезікті, шынтақты, иықты қысу, айналдырады./5-6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Қанат»***<br>***2.****Аяқ иық көлемінде, тік тұрып орамалды ішке қарата қолды жоғары көтеріп,*<br>*артқа қарай түсіреді. /5-6 рет қайталау/* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *музыкалық мамандықтар (орындаушы, әнші, солист, оркестр, дирижер туралы мағлұмат беру.Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау. Жаңа әннің әуенін таза орындауға үйрету. Бұл әнді қандай көңіл күймен орындаймыз? Ырғағы қандай екен? «Ырғақ» деген сөздің екі тілде айтылуын қайталау арқылы естеріне сақтауға ықпал ету: ырғақ – ритм*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:****Полька (Б. Сметан). Би түрін бейнематериалдан көрсету. Би ырғағын аяқ топылдату, шапалақтау арқылы есте сақтауға үйрету. Би элементтерін жұптасып бірге қайталау, қарқынын сезіне мәнерлеп қозғалуға баулу. Ұлттық ойын. «Ақ терек, көк терек».*<br>***Ой қозғау.***<br>*«Мен өнерлі баламын» әнінің мазмұнына қай сурет лайықты? Неліктен сол суретті таңдадың? Өнерлі балаға қажетті заттарын тауып беруге көмектес. Аса қажетті құрал не деп ойлайсың? Неліктен бұл затты таңдадың?* | | | ***Б.қ.: «Жіп орағыш»***<br>*3. Тік тұрады, аяқты сәл бүгіп, орамалды тізеге тигізеді, тізені жан - жаққа айналдырады.*<br>*/5-6 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Тарсылдақ»***<br>***4.*** *Тік тұрып, аяқты алға созады, оң аяқты жоғары көтеріп, аяқ астынан шапалақ соғады,*<br>*дәл осылай екінші аяқпен жасалады. /5-6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Орамалды ілу»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Орамал төменде. Орнынан тұрып, орамалды жоғары көтеріп, орамалды ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Сайқымазақ»***<br>***6.*** *Тік тұрып, орамалды жоғары көтеріп, аяқты алға қарай түзу лақтыра секіру .*<br>*/10-15 секунд /*<br>*4 лектен (колонна) 1 саппен шеңбер бойы жүру. /орамалды себетке салу/*<br>*Адымдап жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *Ысқырықты үргендей қылып, ерніңмен түтікшені қысып, сосын жымиып ерніңді босатасың; еріннің осындай қалыптарын кезектестіріп қайталайды.*<br>***Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары***<br>***Екі тізе арасына доп қысып алып жүру.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ***Түрлі биіктік деңгейіндегі заттар арқылы қос аяқтапсекіру.*** *Нұсқау – қос аяқтап пәрменмен қарғу, қолды алға созу.* ***Қим ойын: «Тақия тастамақ»*** ***Міндеті:*** *балалардың зейінін дамыта отырып,* ***жылдамдыққа үйрету.*** |
| Балалерменжекежұмыс | ***Дид ойын: «Өзім және отбасым»*** ***Мақсаты:*** *Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.* | ***Дид ойын: «Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Балалар құстар туралы білім түсінің,. құстарға қамқорлықпен карауды біледі.* | ***Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»*** ***Мақсаты:*** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді.* | ***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады.* | ***Дид ойын «Әдемі гүл»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады.* |
| Серуенгедайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - өзіне өзі қызмет көрсету.*** *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | | | | |
| Серуен | ***Картотека № 12*** *Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №15*** *Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.* | ***Картотека №17*** *«Күз көрінісін бақылау»* | ***Картотека №18*** *Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека №20*** *Жәндіктерді бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру.* ***Табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | *Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.* | *Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.* | *Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..Балалардың сұранып үйге қайтуы* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* |
| | *Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |